Слова в китайском языке:	Звучание слов в китайском языке:	Заимствованные слова из китайского языка в русский язык:
茶	chá	чай
功夫	gōngfū	кунг-фу
馒头	mántou	манты
台风	táifēng	тайфун
珍珠	zhēnzhū	жемчуг

По вышеуказанным примерам можно увидеть, что русскоговорящие адаптировали китайские слова с китайским звучанием под свой язык.

Сравнивая русский язык в России и русский язык в Казахстане, можно заметить одинаковую грамматическую основу, но именно из-за различных культурных особенностей в существующих местностях, лексический состав языка на разных территориях видоизменился. Можно выявить этнические ценности, которые повлияли на формирование отличительных характеристик в русском языке Казахстана. Существовая на территории нашего государства, он впитал национально-культурную действительность

и все эти особенности можно заметить, находясь на земле РК. Русскоязычное СМИ Казахстана, не справляясь с желанием в передачи определенной информации, решили, что терминологию из казахского языка можно произносить и сделать удобной для восприятия русскоговорящего населения Казахстана. Таким образом, слова заимствовались из казахского языка и используются по сей день у русскоговорящего населения, живущего на территории Республики Казахстан.

Таблица 2 – Таблица заимствований из казахского языка в русский язык, которые используются в СМИ

Написание слов в казахском языке:	Значение слов:	Заимствованные слова из казахского языка в русский язык:
Айтыс	Это состязание двух людей, которые сочиняют слова песни и играют на домбре на определенную тематику меняясь друг с другом.	Айтыс
Әкім	Это должность в правительстве Республики Казахстан.	Аким
Аксақал	Это старейшина и очень мудрый человек.	Аксакал
Ақын	Это поэт и певец.	Акын
Ауыл	Это селение, где проживает небольшое количество людей живущих обычно в хаотичном расположении домов или юрт, у которых имеется свой скот.	Аул
Батыр	Это бесстрашный, честный, сильный, мощный человек.	Батыр
Бауырсақ	Это мучное изделие, которое жарится в большом количестве масла.	Баурсак
Би	Это высокоавторитетные представители общества, которые были уважаемы, ценны и всегда могли повлиять на исход событий, их слово было также важно, как и решение высокопоставленных лиц.	Бий, би, бии

Жігіт	Это парень, который умеет виртуозно скакать на лошадях, отличается выносливостью, стойкостью и отвагой.	Джигит
Домбыра	Это казахский национальный музыкальный инструмент с двумя струнами и грушевидной формой корпуса.	Домбра
Жайлау	Это пастбища.	Жайлау
Казан	Это посуда, которая помогает приготовить большое количество традиционных казахских блюд.	Казан
Қымыз	Это кисломолочный напиток, который изготавливается из молока кобылы.	Кумыс
Мәжіліс	Это нижняя палата Парламента Республики Казахстан.	Мажилис
Хан	Это правитель.	Хан

Можно отметить, что выделяют три основных способа заимствований в китайском языке: фонетическое заимствование (音译外来词), семантическое заимствование (意译外来词) и комбинированное заимствование (半音译半意译外来词). Для более углубленного понимания каждого способа заимствований, необходимо рассмотреть примеры.

Таблица 3 – Таблица заимствований из иностранных языков в китайский язык фонетическим способом, которые используются в СМИ

Фонетическое заимствование (音译外来词):		
Заимствованные слова в китайский язык:	Звучание заимствованных слов:	Перевод заимствованных слов:
咖啡	kāfēi	кофе
咖啡因	kāfēiyīn	кофеин
克非尔	kèfēi'ěr	кефир
批萨	pīsa	пицца
巧克力	qiǎokèlì	шоколад

При фонетическом способе заимствования подбираются иероглифы, которые соответствуют звучанию данного слова.

Например, карате - 卡拉特 (kālātè). Каждый иероглиф подбирался так, чтобы звучание каждого иероглифа в китайском языке было похоже на каждый слог иностранного слова. При таком способе заимствования, новообразованное слово, написанное китайскими иероглифами, не имеет никакого смысла, так как, иероглифы выбирались исходя из звучания. Именно поэтому, такой способ заимствования называют фонетическим.

Таблица 4 - Таблица заимствований из иностранных языков в китайский язык семантическим способом, которые используются в СМИ

Семантическое заимствование (意译外来词):			
1	green card	зеленая карта (грин-карта)	绿卡
	green - card	зеленый – карта (грин-карта)	lùkǎ
2	horse power	лошадиные силы	马力
	horse - power	лошадь - сила	mǎlì
3	hot line	горячая линия	热线
	hot - line	горячий - линия	rèxiàn

При семантическом способе заимствования подбираются иероглифы, которые имеют определенный смысл. Например, hotdog при дословном переводе на русский язык означает горячая собака, а значит на китайском языке это слово будет выглядеть, как 热狗 (règǒu). Таким образом, можно заметить, что семантический способ заимствования подразумевает собой смысловой подбор иероглифов к необходимому слову. Из этого исходит то, что слово разделяют на два имеющих смысл слова и находят для каждого слова подходящий по смыслу иероглиф.

Таблица 5 - Таблица заимствований из иностранных языков в китайский язык комбинированным способом, которые используются в СМИ

Комбинированное заимствование (半音译半意译外来词): 音译+类名				
bowling	боулинг	bǎolingqiú	保龄球	保龄 (иероглифы подобраны из-за схожего звучания) + 球 (иероглифом показана

				принадлежность к играм с мячом)
golf	гольф	gāo'ěr fūqiú	高尔夫球	高尔夫 (иероглифы подобраны из-за схожего звучания) + 球 (иероглифом показана принадлежность к играм с мячом)
karting	картинг	kǎdīngchē	卡丁车	卡丁 (иероглифы подобраны из-за схожего звучания) + 车 (иероглифом показана принадлежность к транспорту)

При комбинированном способе заимствования слова образуются очень интересным способом. Например, *motorbike* в переводе на русский язык означает мотоцикл. Мотоцикл – это транспортное средство, поэтому, китайцы использовали иероглиф 车 (*chē*), таким образом, переводя неизвестное для них слово мотоцикл, они смогли донести до населения, что мотоцикл – это транспортное средство. А двумя иероглифами, они добавили похожее звучание иностранному слову. Таким образом, в китайском языке образовалось слово 摩托车 (*mótuōchē*).

Изучив СМИ Казахстана, можно отметить, что из-за языковой политики РК, которая подразумевает владение тремя языками, каждый язык заимствовал определенную лексику в свою речь. Таким образом, проанализировав большое количество материала стоит выделить, что в русскоязычном СМИ Казахстана имеется достаточное количество не только иностранных заимствований, но и речь постоянно пополняется лексикой и терминами из казахского языка. Это является отличительной особенностью русскоязычного СМИ РК, что не встретишь в СМИ России. Существование языка на территории Казахстана сильно повлияло на формирование нового русского языка, который отражает национально-культурную специфику нашей страны.

Изучив СМИ Китая, можно выделить, что китайский язык имеет большое количество иностранных заимствований, которые появились значительно недавно. Как было указано ранее, в языке имеется 3 основных способа заимствований, которые сформировались именно для внедрения в речь иностранных слов.

Китайский язык старается сохранять идентичность своей страны и сокращать желание в потреблении и использовании иностранной лексики. Эра технологий даёт о себе знать и в современном мире происходит заимствование не только новой лексики, но ещё и молодое поколение может погружаться в изучение другой новой культуры.

Список использованной литературы:

1. Тань Ин Заимствования в китайском языке и их влияние на китайский язык: анализ китайских лингвистических источников / Тань Ин // Социо- и психолингвистические исследования. 2017. № 5. (Дата обращения: 08.04.2024)
2. О.П. Касимова, Гун Лэй Заимствования – китаизмы в русском языке (тематическая группа растений) / О.П. Касимова, Гун Лэй // Вестник Башкирского университета. 2017. Т. 22. № 4. (Дата обращения: 08.04.2024)
3. 李勤. 新媒体环境下播音员、主持人语言规范问题探索[J]. 科技传播, 2018, 10 (23) : 22-23.
4. 李静. 基于新媒体语境之下的播音主持语言的艺术性探究[J]. 传播与版权, 2018 (11) : 20-21.
5. 新媒体视角下报纸新闻语言发展研究[J]. 传播与版权, 2018 (11) : 28-29.

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІНДЕГІ ҚОЛЖАЗБА ЖӘНЕ БІРЕГЕЙ БАСЫЛЫМДАРЫ ҚОРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН

Ауесбаева П.Т.

ҚР Ғылым академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейдің қолжазбалар мен сирек кітаптар қоры 19 ғасырдың ортасынан бастап, бір жарым ғасыр бойы қалыптасты. Оған Орынбор музейі құрылған кезден бастап, кейінірек XX ғасырдың басында Жетісу облыстық музейінде жинақталған кітаптардың барлығы қосылды. Қазір қорда бес жүзге жуық зат бар. Олар – көне жазба ескерткіштер, сирек қолжазбалар мен басылымдар, әртүрлі мазмұндағы жазба дереккөздер. Оның ішінде көне түркі, қазақ, араб, парсы, татар және басқа да тілдерде жазылған екі жүзден астам сирек қолжазбалар мен басылымдардың сақтау бірлігі бар. Бұлар – Абай Құнанбаевтың шығармалары, діни мазмұндағы қолжазбалар, Құран Кәрімдер, тәпсірлер, Мухаммадия, мұхтасар, грамматика оқулықтары, сөздіктер және литографиялық кітаптар сияқты әдеби шығармалар. Музейдің коллекцияларына 18 ғасырдың ортасынан 20 ғасырдың ортасына дейінгі кезеңді қамтитын 2500 сирек басылымдар енеді. Тақырыбы мен мазмұны жағынан бұл – Қазақстан мен көршілес елдердің тарихына, мәдениетіне, дініне, табиғатына, табиғи ресурстарына қатысты кітаптар. Сондай-ақ, олар – Ресейде, Қазақстанда, Өзбекстанда және басқа да елдерде басылған орыс және басқа да шет тілдеріндегі алуан түрлі, негізінен ғылыми әдебиеттер.

Кілттік сөздер: мұражай, қор, сирек қолжазбалар, литографиялық кітаптар, мұрағат, кітапхана, әдебиет, тарих, мәдениет, дін

Аннотация: Фонд рукописей и редких книг Центрального Государственного Музея Республики Казахстан формировался на протяжении полутора веков – начиная с середины XIX в., т.е. со времени образования Оренбургского музея, а позднее в начале XX в. в него влились книги, собранные Семиреченским областным музеем. В настоящее время фонд насчитывает около пятисот наименований. В фонде ЦГМ РК хранятся памятники древней письменности, редкие рукописи и издания, письменные источники различного содержания. Из них более двухсот единиц хранения редких рукописей и изданий, которые написаны на среднетюркском, казахском, арабском, персидском, татарском и др. языках. Это литературные произведения, такие как рукописи Абая Кунанбаева, рукописи религиозного содержания, Кораны, тафсиры,

мухаммедия, мухтасар, грамматические учебники, словари и литографические книги. А так же в фондах музея сохранены 2500 наименований редких изданий, охватывающих период с середины XVIII до середины XX века. По тематике и содержанию – это книги, относящиеся к истории, культуре, религии, природе, естественным богатствам Казахстана и соседних стран. Это разнообразная, преимущественно научная, литература на русском и других иностранных языках, выпущенные в России, Казахстане, Узбекистане и других странах. **Ключевые слова:** музей, фонд, редкие рукописи, литографические книги, архив, библиотека, литература, история, культура, религия

Title: The History of Formation of the Manuscript and Rare Edition Fund of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan

Author: Auesbaeva P.T.

Abstract: The fund of manuscripts and rare books of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan was formed over a century and a half – from the middle of the 19th century since the formation of the Orenburg Museum, and later in the early 20th century. The books collected by the Semirechensk Regional Museum also were included. Currently, the fund has about five hundred books. The monuments of ancient script, rare manuscripts and publications, written sources of various content are housed in the fund. More than two hundred items of rare manuscripts and publications that are written in the Middle Türkic, Kazakh, Arabic, Persian, Tatar and other languages are kept. These are literary works, such as the manuscripts of Abai Kunanbayev, manuscripts of religious content, Korans, tafsirs, muhammediya, mukhtasar, grammar books, dictionaries and lithographic books. As well as in the museum's fund, 2500 rare editions are preserved, covering the period from the middle of the XVIII to the middle of the XX century. On the subject and content are books related to history, culture, religion, nature, minerals of Kazakhstan and neighboring countries. This is a diverse, mostly scientific, literature in Russian and other foreign languages, published in Russia, Kazakhstan, Uzbekistan and other countries.

Keywords: museum, fund, rare manuscripts, lithographic books, archive, library, literature, history, culture, religion

Қазақ халқының рухани мәдениетіндегі асыл мұралардың бірі – сирек кездесетін қолжазбалар мен алуан түрлі сирек басылымдардың түпнұсқалары. Олар – сан ғасырлар бойы түрлі жазуларда өрнектелінген баға жетпес құнды жәдігерлер. Аталмыш жәдігерлердегі жазулар бағзы заманнан бүгінге дейін тарихи ұзақ мерзімдерде жазылған қайталанбас мұралар болып табылады. Мұндай жазба ескерткіштер отандық және шетелдік музейлердің,

архивтердің, ғылыми зерттеу мекемелерінің қорында молынан сақтаулы [1, 167-181].

ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің (ҚР MOM) қолжазба және бірегей басылымдар қорында Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты жазба ескерткіштердің құнды нұсқалары – көне жазба ескерткіштер, сирек кездесетін қолжазбалар мен бірегей басылымдар, әр түрлі мазмұнды жазба деректер сақталынып отыр [2, 66-73]. Олар:

I. Түрік тілді нұсқалар: көне түрік бітік, көне ұйғыр жазулы, ескі қыпшақ тілінде орта түрік («шағатай»), қазақ тілінде араб жазумен, сонымен қатар, қазақ тілінде латын, кирилл жазуымен жазылған түпнұсқалар.

II. Шеттілдік нұсқалар: араб, парсы, қытай, соғды, сирий, тибет, монғол, манжұр, орыс және басқа тілдерінде жазылған.

Музей қорында сақтаулы қолжазбалар мен басылымдардың жинақталу тарихы ұзақ жылдар барысында әр қилы жолдармен қордаланған. Әуелі, олар 1831 жылдан бері өлкетанушы, белгілі зерттеуші ғалымдар, музей қызметкерлері тарапынан жинақталынды. Мысалы, 1921 жылы Орынбор губерниясы атқару комитетінен Қазақстан Халық ағарту комиссариатына, Қазақстанның музей қорына арнап біршама материалдар өткізген, олардың ішінде 62 көне құжат, 7356 кітап берілген екен [3]. Осы қор негізінде бүгінгі қолжазбалар мен бірегей басылымдардың қоры қалыптаса бастаған деп айтуға болады. Кейінірек, 1933 жылдан бастап М. Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Жиреншин және басқа ғалымдардың тарихи-деректанулық іздестіру, жинастыру нәтижесінде көптеген жәдігерлер жинақталынып, қордаланды.

Дегенмен де, ҚР Мемлекеттік Орталық музейі қорындағы сирек кездесетін қолжазбалар мен бірегей басылымдар, жазба деректер соншалықты мол боламасада, жалпы саны – 410-нан астам сақтау бірлікті құрайды. Енді аталмыш жәдігерлердің жинақталу тарихы мен оның қалыптасу барысына тоқталсақ, мына жайттарды айтуға болады.

Музейдің Түгендеу бас кітабында әрбір қолжазба мен кітаптардың келіп түскен деректері мен қабылдау актілеріндегі мәліметтер тым сараң, базбіреулерінде, тіптен, жоқ та. Кей қабылдау актілерінде «арабграфикалы қолжазба, арабша кітап» деп шолақ қайырғанын, тым өрескел қателіктер жібергенін айтсақ та жеткілікті, бұлар, әсіресе, Кеңес Одағы кезеңіндегі музейдің ғылыми жұмыстарының кескін, келбетін айқын көрсетіп тұрғандай.

Оның тарихи алуан түрлі, белгілі себептері де бар екенін ескергеніміз жөн. Сонымен қоса, қордағы материалдардың басым көпшілігі жеке тұлғалардан сатып алыну жолымен қабылданғанын атап өту керек. Музей қорына жәдігерлерді сыйға тартқандары өте сирек кездеседі.

Қазақ қолжазбалары мен басылымдары ішінде Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының (1845-1904 жж.) 1899 жылы қазақ тілінде, араб жазуымен жазылған «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» бірегей қолжазбасын [4, 319-323; 248-253; 112-113] ерекше атау керек. Бұл қолжазбаны көптеген зерттеушілер Абайдың өзінікі деп қарастырады [5, 167; 281-282; 92, 172; 296; 208]. Осы жайында Сәбит Мұқанов, 1945 жылғы Абай шығармаларының толық жинағында былай дейді: «Бұл сөз Абайдың өз қолжазбасынан алынып, тұңғыш рет 1939-1944 жылғы Абай шығармаларының екі томдық академиялық жыйнағына енгізілген (Толық жыйнақтың II томы, 248-253 беттері). Абай өзі жазған осы қолжазбасы ССРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы Тіл, әдебиет Институтында сақтаулы, мұны 1934-1935 жылдары М.Әуезов басқарған экспедиция тапқан, мұнан басқа Абайдың өз қолымен жазған қолжазбасы жоқ. Осы сөздің аяғында үш жолын («сол сөз осы күнге шейін мақал болып қалған» деген жерден) Абай жазбасының қағазы жыртылып қалғандықтан қыйсынына қарай М.Әуезов басқарған редакция қосқан (468 бетте)» [6, 468].

Демек, Абайдікі деп қарастыратын бірегей қолжазба бүгіндер ҚР МОМ қорында сақталынып келеді. Оның музей түсім кітабындағы тіркеу нөмірі: ҚР МОМ КП 17569 [7]. Бұл қолжазбаның мәтіні қазақ тілінде, араб жазуымен, үлкен әріптермен әсем түрде, қара қарындашпен 4 парақ, 8 бет толық жазылған. Әрбір парақтың орта тұсы жыртылып, кішігірім тесікше пайда болған. Қолжазбаның 1-парақтың сол жақ бұрышы жыртық, 4-парақтың сол жақ, төменгі бұрышы жыртылып, жоғалған. Мәтін жазылған қағаз 22x32 см. өлшемді, қалыңырақ, ақшыл сұрғылт түсті. Әрбір қағазының жоғарғы бұрышында «Успенский фабрика №7» деген таңба-оттиск соғылған. Бұл – 1886-1994 жылдары Ресейдің Свердлов облысы, Тугулым ауданында жазуға арналған қағаз шығаратын фабрикасының белгісі. Демек, қағаз – осы фабриканың өнімі, ресейдікі екендігін көрсетеді. Қолжазбаның бірінші парағында 18/99 деген қолмен жазылған сандар бар. Осы сандар жыл мерзімі болса, онда аталмыш қағаз фабрикасының 1886 жылдан кейінгі қағаздар екені анық болмақ.

Тұрағұл Абайұлы өз естелігінде «әкемнің алдында ақ қағазы, қолында қарындашы, күңіреніп отырып, өлең жазып тастайды...» [8, 90] деп жазғанына сүйенсек, аталмыш қолжазба қара қарындашпен жазылғандығы назар аудартады. Бұл қолжазба жазуы Абайдың әдеби хатшысы, оның шығармаларын көшіріп жазушы Мүрсейіт Бікіұлы, Тұрағұл Абайұлының қолжазбаларына, жазу стиліне ұқсамайтындығы анық көрініп тұр.

Абайдың бұдан басқа қолжазба нұсқалары қайда екендігі белгісіз. Ұлы ақынның өз қолымен жазған қолжазбалары көп болғаны даусыз. Алайда, тарихи түрлі себептерге байланысты мүлдем сақталмады ма деген сұрақ та туындайды. Қайткен күнде де, Абай қолжазбасын түрлі архивтер мен Петербор, Қазан, Орынбор секілді алғаш кітабы жарық көрген жерлерден іздегеніміз абзал. Абайтануда, Абайдың шығармаларын кешенді зерттеуде оның өз қолымен жазған қолжазбаларын іздестіру, табу, анықтау жұмыстарын жандандыру керек деп ойлаймыз. Бұл жұмысты 1933-1934 жылдары Мұхтар Әуезов бастап, ол істі Әлкей Марғұлан сабақтастыра жалғастырған еді [9, 27-43; 86-89; 21-25; 2].

Музей қорында көп жылдар бойы сақталынып келген Мүрсейіт Бікіұлының (1860-1917 жж.) Абай шығармаларының тағы бір жаңа қолжазбасын (КП 2705) айтқанымыз абзал. Бұл нұсқаны «Музейлік нұсқа» деп те айтуға әбден болады. Абай шығармаларының Мүрсейіт қолжазбасының қазірге дейін үш нұсқасы анық болған еді, атап айтқанда, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы 1905, 1910 жылғы нұсқалары мен М.Әуезов музейінде сақтаулы (Әуезов атындағы Әдебиет және өнертану институты қорынан алынған) 1907 жылғы нұсқасы. Демек, Абай шығармаларының Мүрсейіт қолжазбасының 4-ші нұсқасы – ҚР Мемлекеттік Орталық музейі қорында сақтаулы деген сөз. Өкініштісі сол, аталмыш қолжазба туралы музейдің түсім кітабында «1500 рубльге сатып алынған» дегеннен басқа ешқандай бір мәлімет, тіптен, қабылдау актісі де жоқ.

Музей қорында Тұрағұл Абайұлының (1875-1934 жж.) 1925-1927 жылдары жазған «Қазақтың атақты ақыны Абай Құнанбайұлы» атты қолжазбасы (КП 3119) бар. Тұрағұл бұл қолжазбасын 1927 жылы Қазақ АССР білім комиссариатына тапсырған дейді [10, 555]. Кейбір деректерде 1950 жылдары ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің директоры болған Ә.Жиреншинге

тапсырған дейді [11, 347]. Оның қабылдау актісінде «1946 ж. 250 сомға сатып алынған» деген мәлімет қана бар.

ҚР MOM қорындағы Абайдың, Тұрағұлдың және Мүрсейіттің қолжазбалары бұрын соңды текстологиялық тұрғыдан зерттелмей келген. Оның үстіне аталмыш музей жәдігерлері қорға қалайша түскендігі туралы да нақты тарихи мәліметтер жоқтың қасы.

Музей тарапынан 1938 жылы Шығыс Қазақстан облысына ұйымдастырылған Ә.Жиреншин басқарған экспедиция барысында Абай Құнанбайұлының тоғыз құмалақ ойын тақтасы, белдік, аңшылық құралдары мен Абай бейітінің фотосуретті түсіріліп және басқа бұйымдар жинастырылған. Одан кейін, 1942 жылы Абайдың немере туысы Әрхам Ысқақов, Абай қолданған 12 құнды зат-бұйымдарды және 30 баспа табақ шығарамасын, 28 замандасынан естеліктерді жинақтап алған екен [12].

Музей ісінде 1942-1951 жылдары ҚР MOM директоры болған Ә.Жиреншиннің еңбегін ерекше атап өткеніміз абзал. Оның жетекшілік етуімен қазақ тарихы мен этнографиясы мен мәдениетіне байланысты арнайы экспедициялар ұйымдастырылды. 1947-1948 жылдары Қазақстанның өлкелеріне бірнеше мәрте ғылыми экспедициялар жасақталды. Онда «социалистік мәдениеттің оңтайлы әсерінде дамып келе жатқан, жаңа колхоздардың тұрмыс-тіршілігі» деген саяси ұранды қалқан етіп, 1947 жылы ұйымдастырылған алғашқы екі экспедицияның бірінші тобы Семей, Павлодар, Қарағанды облысына, екінші тобы Қостанай облысына жүргізілді [13, 323-343]. Экспедиция құрамында Ә.Жиреншин, Ә.Марғұлан, Ә.Қастеев және фотосуретші-кинооператор болды. Аталмыш экспедициялардың ғылыми нәтижелері мол болды және қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиетіне қатысты алуан түрлі жәдігерлерді жинастырған, музей ісінде ерекше үлес қосты [14, 273].

Аталмыш экспедиция барысында, біршама ескі қолжазбалар мен кітап басылымдары жинастырылды. Сол кездерде музей директоры болған Ә.Жиреншин жетекшілік еткен бұл экспедициялардың жұмыс нәтижелері табысты әрі музейдің қолжазба қорын байытуда айрықша мол болды.

Онда, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1858-1931 жж.) жеке кітапхана қорында сақталған бірсыпыра құнды жәдігерлер сыйға берілді және сатып алынды. Атап айтсақ, 1845 ж. Қазан қаласында басылған «Курс мусульманского законовещения по школе

Ханефидов» (КП 5867) 1894 ж. Қазан университеті баспаханасында жарық көрген «Мұхаммадия» (КП 5863), «Диуан Хафиз» (КП 5866), 1895 ж. Стамбул қаласы Абдолла Әфэндидің баспаханасында жарық көрген «Молла Жәми» (КП 5872), Әлішер Низамаддин Мир Науайдің «Бес: Таңдамалы мейірбандар, Фархад-Шырын, Баһрам Наме, Ләйлі-Мәжнүн, Ескендірдің қабырғасы» кітабы (КП 5868, КП 5869), орта түрік («шағатай») тілінде, араб жазуымен жазылған «Парсы тіліндегі шарифат» (КП 5870), Имам Ахмад бин Әли Әл-Бунидің «Ұлы танымның күні мен жарылқаушы сыйлар (сәуегейлік) кітабының бірінші бөлімі» атты 1873 ж. басылған кітабы (КП 5871), қазақ тілінде, араб жазуымен басылған «Қармыс батыр» (КП 5877), 1870 жылы «Ғамира» баспаханасында басылған Саид Мұхаммед Уәһби Қануидің «Хафиз жинағына түсіндірме» (КП 5866), Имам Убайдулла бин Масғуд бин Тадж Аш-Шарифаның «Әл-Һидая» мәселелеріне жазылған «Әл-Уиқая» кітабының мұхтасары (қысқаша нұсқасы) (КП 5867) музей қорына түсті.

Сондай-ақ, Семей облысы Абай ауданынан орта түрік («шағатай») тілінде, араб жазуымен 1876 ж. әл-Хадж Мухаррам Әпендінің баспаханасында жарық көрген «Мағрифат наме» (Білім кітабы) (КП 5865), Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов (1885-1962 жж.) 1947 жылы қазақ тілінде, араб және кирилл жазуымен жазған «Қазақтың өмірінде болған әдет, ғұрып, салт, сана» атты қолжазбасы (КП 5904) жинастырылды.

Осы ретте, қазақша латын жазуымен жазылған қолжазбалар мен басылымдарды атап өту керек. Өйткені, 1928 жылдан бастап 1940 жылға дейін Қазақстанда латын жазуын қолданылған біршама кітап, газет басылымдары жарық көрді. Осы тарихи кезеңнің куәсі, музей қорында сақтаулы Әбусағит Жиреншиннің 1940-1946 жылдары жазып алған «Абайдың ғас кунінде ғазған өлеңі» (Абайдың жас күнінде жазған өлеңі, КП 5800), «Musirali aqsaqaldıñ aitunsa» (Мүсірәлі ақсақалдың айтуынша, КП 5905) сынды нұсқаларды атауға болады. Ә.Жиреншиннің 98 сақтау бірлік қолжазбаларын музей қорына оның ұлы Төлеген Әбусағитұлы Жиреншин сыйға беріп өткізген (21.12.2010 ж. № 41 акті).

Мұнымен қатар, 1936 жылы жарық көрген, музей қорына сыйға берілген «Абай Құнанбай ыль. Таңдамалы өлендер» басылымын (Абай Құнанбайұлы. Таңдамалы өлеңдер, КП 17689/5, 22.09.82 ж. № 387 акті, ҚР МОМ Ескі түсімдерінен) айтуға болады.

Мұхамеджан Сералиннің (1872-1929 жж.) «Қожалар шежіресі» қолжазба (ҚР МОМ КП 18270) туындысы оның туысы

Р.Закировадан 50 сомға сатып алынған екен. (22.04.1983 ж. № 238 акті. мекен-жайы: Алматы қаласы, Жамбыл к-сі № 163- үй, 10-пәтер). Ал, осы қолжазба жайында алғашқы ғылыми мақаланы профессор Нұрсан Әлімбаев, арабтанушы Жасұлан Белтенев, 2004 ж. «Орталық музей еңбектері» басылымында жариялады [15, 342-353].

Мұса Байжанұлының (1835-1929 жж.) қолжазбалары да (КП 9067) композитордың ұлы Салықтан 150 сомға сатып алынды (14.12.55 ж. № 24 акті., мекен-жайы: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы «Александровка» кенті). Оны 1955 ж. музейдің кеңестік дәуірге дейінгі тарих бөлімінің меңгерушісі С.Жүсіпов Жаяу Мұсаның өмірі мен шығармашылығына қатысты материалдарды іссапар кезінде жинастырған.

Сондай-ақ, ҚР MOM қорында XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың ширегінде баспадан жарыққа шыққан арабграфикалы қазақ кітап басылымдары да сақтаулы. Атап айтқанда, Абай Құнанбайұлының 1909 жылы Санкт-Петербурда басылып шыққан алғашқы жинағы (КП 2706) 500 сомға сатып алынған және 1922 жылы Ташкентте басылып шыққан жинағы (КП 5801) (22.07.1947 ж. № 37 акті) 1500 сомға сатып алынған екен, алайда кімнен сатып алынғаны туралы мәліметтер мен олардың актісі жоқ.

Музей қорына келіп түскен қолжазбалар бірегей басылымдардың бірсыпырасы жеке тұлғалар тарапынан сыйға берілгендер. Олардың ішінде, Тройцк қаласындағы «Энергия» баспаханасынан 1911-1915 жылдары шығып тұрған «Айқап» журналының бір данасы (КП 15906) М. Сералиннің туысы Раушан Аубакирова Сералина музейге сыйға берген (01.08.1979 ж. №70 акті).

Алашордашыл қазақ жастарының ұйымдастыруымен 1918 жылдың ақпан-қазан айларында Семейде (бұрынғы Алаш қаласында) 11 нөмірі жарық көрген соң жабылып қалған «Абай» журналының № 3, 9 нөмірін (КП 25237/1, 2), «Шолпан» журналының 1923 жылғы №1/2 нөмірін (КП 25237/4), Мұхтар Әуезовтың «Қилы заман» романын (1928ж.) жазушы Әди Шәріпов музей қорына (10.11.1994 ж. № 75 акті) сыйға берген екен.

Қызылорда қаласындағы Қазақстан мемлекет баспаханасында 1925 жылы қазақ тілінде, араб жазуымен басылған Ахмет Байтұрсынұлының (1873-1938 жж.) «Тіл – құрал (Дыбыс жүйесі мен түрлері)» (КП 22814) еңбегі Башқұрттың орталық кітап палатасының кітапханасы есептен шығарған бұл кітапты башқұрт

ғалымы Кішкенбаев І.К. Кеңесбаевқа 1989 жылы тапсырған, ол оны музейге сыйлаған екен (26.05.1989 ж. № 116 акті).

«Тілші» (КППМ 2344) журналдары сыйға берілген, алайда ҚР MOM Түсім кітабында ол (06.10.1978 ж. № 22 акті) мәлімет жазылмаған.

Қазақстан әйелдерінің тұңғыш саяси және әдеби «Әйел тендігі» журналы 1928-1935 жылдары басылып шыққан (20644/1-5, 20645/1-2). Оларды музей қорына Ғайнижамал Байжановадан сатып алған екен (21.08.1986ж. № 241 акті).

ҚР MOM қолжазба қорындағы қолжазбалар мен басылымдардың көп бөлігі діни мазмұнды. Мысалы, музей қорында сақтаулы ең ескі қолжазба ретінде «Құранның» 1643-1650 жылдары жазылған түпнұсқасын атауға болады (КП 3121). Музейдің Түсім кітабында ешбір мәлімет жазылмаған.

Музей қорында жинақталған Құрандардың басым көпшілігі Қазан [16, 68-78; 69-73] қаласының баспаларында жарыққа шыққан. Сонымен қатар, Түркия, Мысыр, Индияда басылып шыққандар кездеседі. Музей қорына келіп түскен Құран кітаптарының барлығы сатып алынған. Тек қана, 1995 жылдан кейін Мысыр, Иран, Араб елдерінің өкілдері және Қазақстан Діни басқармасы тарапынан сыйға беріле бастаған.

Онымен қоса, XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезеңдеріндегі діни мазмұнды кітаптардың атап айтқанда, Құран тәпсірлері, Мұхаммедия, Мұхтасар, грамматикалық оқулық, алуан түрлі діни мазмұнды кітаптардың бірсыпырасы – Қазан баспаларының туындылары. Кейбір Құран, діни мазмұнды кітаптар Санкт-Петербург, Омбы, Орынбор, Ташкент, Самарқанд, Стамбул баспаларында басылып шыққан.

Музей қорына жинақталынған аталмыш басылымдардың көпшілігі атадан мұраға қалған жәдігерлер болып табылады. Олардың қатарында, музей қорында Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Абрамбай Байжанов, Нұрғали Ақшөлақов, Рамазан Қалыбаев, Манат Шахаева, Жарпынбай Байтуразов, Айдолла Жолдасов, Жайлаубай Құтпанов сынды тұлғалардың ұрпақтарына мұра етіп қалдырған діни қолжазбалар мен басылымдары жинақталынған.

Музей қорын толықтыру, байыту жұмысы 1956-1973 жылдары ҚР MOM директоры қызметін атқарған Сара Есова 1959 жылы Қазақстанның облыстары бойынша тарихи-этнографиялық материалдарды жинастыру экспедициясы ұйымдастырылған болатын [17]. Кейбір қолжазбалар мен бірегей басылымдар ҚР

МОМ тарапынан Ақтөбе облысы (1968 ж.), Алматы облысы (1979 ж.), Қарақалпақ АССР (1982 ж.), Батыс Қазақстан облысы (1986 ж.), Қызылорда облысы (1989 ж.) бойынша ұйымдастырған экспедиция барысында жинақталған.

Музей қорында Қазақстан мұсылмандарының қазіы (1952-1972 жылдары) атанған Сәдуақас Ғылманидың (1890-1972 жж.) қазақша, арабша жазулы қолжазба дәптерін (КП 26647/12) оның қызы Уакижан Қаримова сыйға берген (11.12.2002 ж. № 44 акті). С.Ғылмани 1946-1952 жылдары Астана (бұрынғы Ақмола) қаласындағы Омбы көшесіндегі мешітінің ірге тасын қалаушы, әрі имамы болды. Араб, парсы, түрік және басқа шығыс тілдерін жетік меңгерген Сәдуақас Ғылмани қажының «Кәлилә және Димнә» және басқа көптеген аудармашылық жұмыстарымен қатар, «Құран туралы жала мен өтіріктер», «Арабша-қазақша сөздік (1947-1966 жж.)» секілді басқа туындылары бар.

Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиевтің (1900-1984 жж.) араб жазуынан кирилл жазуына көшірген (көшіруші - Хакім Бекішұлы) жазу машинкалық нұсқасы, Спандияр Көбеевтің (1878-1956 жж.) «Балалардың ойын, алыс-жұлысы туралы» кирилл жазулы қолжазбасы, жазушы Ғабит Мүсіреповтың (1902-1985 жж.) араб әрпінен кирилл әрпіне түсірген қолжазба нұсқасы сақтаулы.

ҚР МОМ қорына келіп түскен қолжазбалар мен бірегей басылымдардың қабылдау актілерін жылдармен көрсетсек: 1940-1950 жж. - 11 дана, 1950-1960 жж. - 1 дана, 1960-1970 жж. - 2 дана, 1970-1980 жж. - 29 дана, 1980-1990 жж. - 52 дана, 1990-2000 жж. - 15 дана, 2000-2010 жж. - 12 дана, барлығы 122 акті жазылған. Бұл орайда айта кететін бір жайт, бір актіде 1-15 нұсқа тіркелген. Демек, 1940-2010 жылдар аралығында музей қорына 129 қолжазба мен кітап, басылым нұсқасы сатып алынған, ал, 69 нұсқасы тегін сыйға берілген.

Бір айта кететін жайт, «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық Жобасы аясында ҚР МОМ-нің Музейлік деректану және қолжазба орталығы 2005-2007 жылдары «ҚР МОМ қорындағы сирек кездесетін қолжазбалар мен басылымдар және шығыстық нумизматика коллекциясы» атты және 2008-2010 жылдары «ҚР МОМ қорындағы жазба ескерткіштер: қазақ қолжазбалары, сфрагистика, геральдика және эпиграфикалық деректер» атты ғылыми-қолданбалы зерттеуді іске асырды.

Жобаға байланысты, аталмыш жылдары отандық және алыс-жақын шетел қалалары – Түркістан, Тараз, Шымкент, Семей,

Ресейдің Санкт-Петербург, Омбы, Орынбор, Томск, Уфа, Қазан және Қырғызстан Республикасының Бішкек, Бурана, Өзбекстанның Ташкент, Самарқанд, Бұхара қалаларының музейлері мен ғылыми зерттеу мекемелерінде, архивтерінде ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жобаның ғылыми зерттеу тақырыптарына тікелей байланысты, көптеген жаңа әрі ғылыми маңызды құжаттардың көшірме нұсқалары, кейбір бірегей қолжазбалар мен кітаптар жинақталды.

Осылайша, ҚР MOM–нің қолжазбалар мен сирек кездесетін басылымдар қоры толығып әрі олардың ғылыми-зерттеу жұмыстары жалғасып келеді.

Ал, қолжазба қорларында жинақталған құнды, сирек басылымдарды жинастырып зерттеу, сұрыптау, саралап баспа бетіне жариялау ісі – халқымыздың өткен өмірі мен рухани мәдениеті тарихының зерттелу деңгейінен мәлімет бере отырып, бүгінде әділетті де жан-жақты бағалауға мол мүмкіндік туғызып, өз оқырманын, бағалаушысын тауып, зерттеушілердің назарына ие болар деп ойлаймыз. Ұлттық мәдениетіміздің тарихын қайта жаңғыртуда мұндай қорлар әртүрлі саладағы мамандардың көңілін аудартатыны сөзсіз (тарихшылар, этнографтар, философтар, тілшілер, шығыстанушылар, ауыз әдебиетін зерттеушілер, мәдениеттанушылар, өнертанушылар, элеуметтанушылар т.б.), сондай-ақ, ол төлтума қазақ мәдениетінің әлемдік рухани-интеллектуалдық, ғылыми үрдіспен байланысын дамытуға көмектеспек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абусейтова М.Х., Нурманова А.Ш. Арабиграфические рукописи, хранящихся в фондах г.Алматы // «Шығыс» ғылыми журнал. Алматы: «Дайк-Пресс», 2004. №1. С.20-35.
2. ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің қолжазба қорының қалыптасу тарихынан // «Сирек кітаптар мен қолжазбалардың ғылымдағы орны мен маңызы» атты ғылым күніне арналған дөңгелек үстел материалдары. Алматы, 2013. 232 б. (66-73 бб.).
3. Центральный Государственный архив Республики Казахстан. Фонд 81, опись 1, документ 26, л.21.
4. Abai Qunanbai ulь. Toьyq ҫьjnaq. Ҫьjnavсь: Өvez ulь Muqtar. Qarar ҫьqьr sөz basьp ҫazgan: Ҫansьyur ulь Iijas. Кзыл-Орда: Гостипография №1, Qazaqьstan baspasь. 1933, (б. 319-323); Abai (Ibrahim) Qunanbai ulь ҫьqarmalarь. Audarmalarь men qara sөzderj. II-tom. Alma-Ata: Qazaqьstan kөrкеm әdebiet baspasь, 1940, (б.248-253); Құнанбаев Абай (Ибрахим). Шығармаларының толық жыйнағы. Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1945. 503 б. (Б.112-113).
5. Жиреншин Ә.М. Абай және орыстың революцияшыл демократтары. А., 1956. (б. 167); Сильченко М.С. Творческая биография Абая. А., 1957, (С.281-282); Абай. Энциклопедиясы. А., 1995, (Б.92, 172); Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. Алматы: Жазушы. 2005. 296 б; Жиреншин Абусагит. Избранные труды. Алматы: Алаш, 2003. 624 с. (с.208).
6. Құнанбаев Абай (Ибрахим). Шығармаларының толық жыйнағы. Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1945. 503 б. (б. 468).
7. ҚР МОМ Түсім кітабы. Актілері. Центральный Госмузей Каз ССР. №5 Акты поступления основного фонда. С акта 231 (КП 17500/1-8- акт 297 (КП 17572/ 1-5). На 193 листах. Т.5. за 1982 год. «Тема «Культура дореволюционного Казахстана». Из старых поступлений». Зав.фонд - Скакова Б.Ж., зав.сектор. фотодокументальных материалов – Белокопская И.И., акт приемки-сдачи. № 294-10/ VI. 1982 г.
8. Тұрағұл Абайұлының қолжазбасы. Қазақтың атақты ақыны Абай Құнанбайұлы (ҚР МОМ КП 3119). 90 б.
9. Марғұлан Ә.Х. Абайдың жаңадан табылған қолжазбалары // Вестник АН Казахской ССР. 1955. Май. № 5(122), (Б.27-43); Марғұлан Ә. Абайдың Ленинградтағы қолжазбасы // Әдебиет және искусство. 1957. №3, (Б.86-89); Марғұлан Ә.Х. Абайдың

- інісі Халиуллаға жазылған үш хат // Қазақ әдебиеті. 1959. 12 июнь (Б.21-25); Марғұлан Ә.Х. Халиуллаға Абайдың жазған хаттары // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1959. №6 (б.2); Марғұлан Ә. Абай қолжазбасы // «Қазақ әдебиеті». 16 август, 1963ж. (б.2).
10. Абай. Энциклопедиясы. А., 1995. 820 б. (Б. 555).
 11. Дүкенбай Досжанұлы «Абай айнасы». Ғұмырнамалық эссе-зерттеу. XV тарау «1934; «Тұрағұлдың мұны». 347 б.
 12. Центральный Государственный архив Республики Казахстан. Ф.1308. Оп.1. Д.280. Л.17.
 13. Жиреншин А. Научно-исследовательская работа краеведческих музеев Казахстана // Жиреншин Абусагит Избранные труды. Алматы: Алаш, 2003; ЦГА РК. Ф.1876. Оп.1. Д. 42. Л.299. (с.323-343).
 14. Асанова С.А. Центральный Государственный музей в 40-50-е годы XX века (деятельность А.Жиренчина) // КазНУ им. аль-Фараби. Материалы республиканской научно-практической конференции «Проблемы изучения и сохранения историко-культурного наследия» 14 декабря 2005 г. Алматы, 2006. (с. 273).
 15. Әлімбаев Н, Белтенев Ж. ҚР МОМ қорындағы Мұхамеджан Сералиннің (1872-1929) ата-бабаларының шежіресі жөніндегі қолжазбасы (жалпымәтіндік сипаттама) // Орталық музей еңбектері: музей ісі, этнология, фольклортану, антропология, деректану, нумизматика / Ғылыми редактор Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Ғылым, 2004. 320 б. (б. 342-353).
 16. Марғұлан Ә. Қазан университетінің кітапханасындағы қазақ қолжазбалары // «Жұлдыз» журналы; Сұбханбердина Ү. Қазан университетінің кітапханасындағы қазақ қолжазбалары // Қаз ССР ҒА. Ғылыми хабарлар. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1969. № 4. (Б. 68-78; 69-73)
 17. Центральный Государственный архив Республики Казахстан. Ф.1308. Оп.3. Д.378. Л.18.

МЕДИА ДИАСПОР В КДИ-АНАЛИЗЕ (НА МАТЕРИАЛЕ СМИ КОРЕЙСКОЙ ДИАСПОРЫ)

Гиздатов Г.Г.
КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Алматы, Казахстан

Исследование финансируется Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № AP23485752 Медиа диаспор Казахстана: проблемы культурной идентичности в медиалогическом трансфере)

Аннотация: Статья выполнена в рамках парадигмы критических дискурсивных исследований (КДИ). Целью работы является выявление тематического перечня культурных нарративов в медиальных диаспоралогических источниках (на материале СМИ корейской диаспоры). Медиалогическое существование диаспор в Казахстане проявляется в том, как сама диаспора себя презентует, в каких формах медиа она проявляется, с каким контентом и к кому она выходит. В большинстве случаев этноиздания предлагают свой ограниченный тематически медиапродукт, в котором вычленимы три базовых нарратива: 1) исторический нарратив, 2) культурно-этнографический нарратив и 3) персонифицированный нарратив (рассказ о представителях диаспоры). Основные результаты получены в результате конкретного анализа актуальной медиальной практики в Казахстане. Статья полезна в методологическом аспекте для филологических, лингвокультурологических и антропологических исследований.

Ключевые слова: дискурс, диаспорологическое сообщество, культурная практика, медиа, медиалогическая парадигма, нарратив, политика памяти, этножурналистика

Title: Diaspora Media in KDI Analysis (based on the Korean Diaspora Media)

Author: Gizdatov G.G. KazUIR&WL, Almaty, Kazakhstan

Abstract: Article published in the framework of paradigms of critical discourse (CDI). The aim of the work is to bring thematic changes in cultural narratives to media diasporas (on the basis of Korean diasporas). The media coverage of the diaspora in Kazakhstan is taking place in such a way that the diaspora itself presents itself in such media forms, with such content and where she leaves. In the majority of cases, ethnic development presents its own thematic media product in which three basic narratives are expressed: 1) historical narrative, 2) cultural-ethnic narrative and 3) personalized narrative (story about the presenters of the diaspora). The main results achieved in the final analysis of the

current media practice of Kazakhstan. The article is useful from a methodological perspective for philological, linguistic and anthropological research.

Keywords: discourse, diaspora community, cultural practice, media, medialogical paradigm, narrative, politics of memory, ethnojournalism

This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP23485752 Diasporas Media of Kazakhstan: Problems of Cultural Identity in Medialogical Transfer).

Процесс формирования и существования объединений национальных меньшинств в Казахстане определен историко-идеологическими реалиями начала XX века, советского времени (1917–1991 гг.) и постсоветского периода (с 1991 г.). Многообразие диаспоральных групп в стране (124 группы) является вынужденным: в эти временные рамки входят миграционные процессы, связанные с колонизацией казахских земель, со сталинскими депортациями, а также миграционные движения нашего времени. Несмотря на наличие историко-архивных разысканий по диаспорам [1; 2], в том числе по отношению к истории депортированных народов [3], степень научной изученности многих аспектов существования диаспоральных групп в Казахстане незначительна. По сути, была только обобщающая работа коллектива авторов, в которой энциклопедически были представлены в историческом аспекте диаспоральные сообщества с объяснением причин их появления на территории Казахстана [4]. Самые общие характеристики диаспоральных групп в Казахстане на сегодняшний день выявлены только по отношению к корейской диаспоре: «У коре сарам за прошедшие полтора столетия сформировался определенный синтетический культурный генофонд, вобравший в себя элементы корейской, русской, среднеазиатской и европейской культур. Для корейцев в Казахстане характерны: сильная степень трансформации этнокультурного генетического фонда; протекание этого процесса в полиэтническом окружении; адаптация к культурам, существенно отличным от традиционной корейской культуры; выход за рамки мононационального сознания; высокий уровень аккультурации, граничащий с ассимиляцией; динамизм и интенсивность этих процессов» [5, с. 28-29]. Медialogический анализ постсоветского этапа существования диаспоральных сообществ в Казахстане возможен в двух актуальных аспектах: в

выявлении формы медийной организации деятельности диаспоральных сообществ, в том числе ее постоянного мониторинга, и в исследовании используемых ими культурных нарративов, которые одновременно являются способами формирования идентичности.

Основные результаты данного исследования определены как авторским подходом, так и теорией и практикой медиалогического подхода. Рассмотрение культурных нарративов в этом случае возможно только на междисциплинарном стыке: социологии, этнологии и филологии, в том числе и критического дискурса анализа (КДА). Рациональным научным способом рассмотрения медиалогических реалий диаспор в данном случае является выявление того, каким образом та или иная диаспора предстает в казахстанской социокультурной сфере («внешняя» оценка) и анализ медиа диаспор, с отраженными в них личными историями («внутренняя» оценка). Речь идет о том, что «...идентичность как самоосознание и самоопределение диаспоральной группы формируется, развивается, предъясвляется и транслируется только в процессах коммуникации, в дискурсивных и нарративных практиках» [6, с.5]. Наряду с историческими, организационными аспектами деятельности диаспор, на наш взгляд, особый интерес представляет неизученное ранее медиалогическое существование диаспор, выраженное в разных формах медиа, включающее в себя по классификации Маршала Маклюэна все формы выражения медиумом сообщения: пресса, театр, кино, литература, новые медиа, социальные сети, личные истории. Некоторые из этих медиальных форм еще сохраняются в казахстанской культурной практике (немецкий, корейский и уйгурский театры), другие исчезли (многие традиционные медиа, радио, литература). Как можно видеть по многим медиа диаспор, каналы коммуникации диаспор усечены, стандартны и включают в себя в основном издания, находящиеся под руководством республиканского этнообъединения и очень редко независимые новые медиа. Сложилась следующая ситуация: многие этноиздания в традиционном формате перестали издаваться, очевидно усечение форм выражения диаспор в социальных сетях и медиа. Социальные практики диаспоралогических групп находятся под контролем государства, а независимые коммуникативные практики (новые медиа) единичны. Символическая интерпретация событий навязана

извне и говорить, о текстовых традициях диаспоралогических групп пока не приходится.

На сегодняшний день из всех этнических групп имеют институциональную форму республиканского этнообъединения только 26 диаспоральных групп. Поясним, наличие этой формы автоматически подразумевает существования сайта при этой организации, который сам по себе является основным средством информирования диаспоры о диаспоре для казахстанского социокультурного пространства. Вынуждены заметить, что при 26 диаспоральных группах в последние пять лет только при 12 этнообъединениях выходили традиционных СМИ (газеты, журналы), которые с 2018–2020 года за исключением 4 изданий (уйгурская, немецкая, польская и корейская диаспоры) полностью прекратили свое существование. При этом некоторые из изданий диаспор имеют давнюю историю: «Садаи таранчи» («Голос таранчей»), «Кабаргалар авазы» («Голос бедняков»), эти уйгурские газеты выходили с 1921–1922 годов, а корейская газета «Корё Ильбо» выходит с 1923 года. В каких-то случаях этот контент создаётся профессиональными журналистами, в других — силами самих активистов общественных объединений. Наконец только пять казахстанских диаспор представлены новыми медиа, в том числе оформленными и постоянно обновляющимися в информационном плане группами в социальных сетях. На сегодняшний день только сайт республиканского объединения во многих случаях является единственным источником по деятельности диаспоры. Исходная информация показательна и отражает как усилия самой диаспоры, так и ту поддержку, которую ей оказывают историческая родина, международные организации и фонды.

Как результат многие этноСМИ в стране имеют больше архаично выраженную информационно-пропагандистскую общность, вытекающую из программных документов самих общественных объединений. Как показал реальный анализ тематические перечни от казахстанских и собственно национальных СМИ регламентировано созвучны: упрощенный вариант представления исторических данных, рассказ о национальной кухне и пафосный нарратив о братстве народов. Следует заметить, в советском Казахстане тоже были СМИ и телепередачи на языках разных национальностей. При этом уже в современных медиа сохранились не только достоинства прошлого

опыта, но и формальные стереотипы в подаче информационных материалов на национальную тему. Каналы коммуникации диаспор в Казахстане усечены, стандартны и включают в себя в основном издания, находящиеся под руководством республиканского этнообъединения и очень редко независимые новые медиа. По этой причине этноиздания предлагают свой ограниченный тематически, обходящий все сложные и противоречивые аспекты жизни этногруппы медиапродукт. Однако заметим, что есть диаспоральные группы, которые смогли создать не только профессиональный медиапродукт, но и сохраняют, в том числе в цифровом формате, историю и современные реалии сообщества.

В этом формальном казахстанском калейдоскопе национальных СМИ не стали исключением медиа, созданные или работающие «под крышей» Ассоциации корейцев Казахстана (АКК). Кстати, их недопустимо мало на стотысячную корейскую диаспору республики. По сути, это только один портал и одна газета. В отличие от иных диаспор, у АКК нет даже сетевого издания. О самом информационном портале АКК много не скажешь. Он формальный и смотрится скупно и сухо. В интерфейс включены немогоночисленнейи рубрики, в том числе и новости — (только на корейском языке, потом на русском они же представлены в газете) и, наконец, отдельной рубрикой вывешен оцифрованный вариант газеты «Корё Ильбо».

«Корё Ильбо» [7] — одна из старейших газет в стране, выходит с 1923 года. Для сравнения: издание соседей, «Корейцы Узбекистана», выходит с 2019-го. Последняя, правда, тоже явно сделана под казахстанскую копируку. Однако сайт koryo-saram.ru (Узбекистан) — не просто информационный: он предлагает темы, напрочь отсутствующие в казахстанских медиа: корееведение, корё сарам, историю, литературу.

Казахстанская газета «Корё Ильбо» издается раз в неделю с типичным для бумажных версий ещё сохранившихся газет тиражом в 1650 экземпляров, в ней в примерно равных пропорциях — материалы на русском и корейском языках. Заметим, что для формирования идентичности всегда важны СМИ на национальном языке, они работают на сохранение языка в конкретных условиях существования диаспоры. В этом же ряду находится манифестация инаковости – осознание диаспорой своей идентичности, в том числе и неизбежного ее гибридного ее проявления. Газета воскрешает стиль и суть прессы начала 80-х. Формально вроде всё есть: скупые

новости от государственных структур и самой ассоциации, интервью с представителями корейской диаспоры разного возраста и ранга, русско-корейский разговорник. Внешне всё правильно, всё важно, но уж несколько пафосно для любой возрастной аудитории: «Прошла сессия...», «Экспорт продолжает расти...» и далее в том же духе. Смущает даже не это: казахстанская этножурналистика вообще принципиально осторожна и больше предназначена для чиновников, чем для широкого круга читателей. При этом ускользает качество, важное для любой журналистики. Увидеть реальную жизнь корейской диаспоры за этими материалами сложно, заинтересоваться героями — тем более.

Сравнивать есть с чем: например, сайт «Российские корейцы» с вполне современным подходом: от представления народов России до политики и культуры, а рубрике «ОСТАНОВИСЬ, МГНОВЕНЬЕ» — фотографии с текстовыми комментариями — позавидует любое профессиональное издание.

Еще один пример из «Корё Ильбо» — репортаж о премьерке в существующем в Алматы академическом корейском театре. Понятно, что журналисту, работающему в этноСМИ, поневоле приходится быть универсальным, но есть профессиональные рамки, которых лучше придерживаться. Из текста мы узнаём все: детали биографии создателей спектакля, подробнейший пересказ чеховской пьесы, объяснение, как соблюдались санитарные нормы при показе, но только не саму суть этого состоявшегося театрального действия. Вопрос, который следует из заголовка «Чеховская чайка по-южнокорейски» — в чём же проявляется «южнокорейскость»? — остаётся без ответа. Озвучено было только, что один из главных постановщиков, получивший театральное образование в России, — из Южной Кореи.

Примерно по такому упрощающему принципу построены многие материалы издания. Люди ли, события ли в «Корё Ильбо» получают только поверхностно-перечислительное осмысление. Сознательный отказ от анализа того, что случается или, наоборот, не случается в жизни корейской диаспоры привёл это СМИ к простому медиафиксатору. Пожалуй, единственным примером, когда, наконец, корейская проблематика прозвучала осмысленно, стала статья Петра Троценко на «Радио Азаттык» «Корейцы в Казахстане: раствориться среди народа той страны, куда выслали». Простой и честный материал журналиста выступил как оригинальный социологический срез: как казахстанские корейцы

среднего поколения идентифицируют себя, каково место корё мар (диалект корейцев Казахстана и Узбекистана) в современном речевом поведении казахстанского корейца.

Нельзя отрицать неизбежные тенденции современной культуры к гетерогенности и сами процессы культурной дивергенции в казахстанском многоязычном обществе. Однако в этом историческом процессе медиа выполняют особую функцию, в том числе архивации социальных и коммуникативных практик, текстовых традиций. Наиболее удачные формы существования медиа диаспор демонстрируют нам, что не так уж и много надо, в том числе и финансовых вложений, чтобы СМИ работали на формирование идентичности. В таковым относятся: курс на информирование о деятельности этнообъединений, сохранение в цифровой форме исторических и современных свидетельств жизни диаспоры и создание посредством медиа условий для развития культуры этноса в другой стране. Сами диаспоры и казахстанские СМИ разучились точно представлять этническую проблематику или хотя бы информировать обо всём происходящем в её жизни в Казахстане. К требуемым изменениям в медиасуществовании диаспор следует отнести возможность преодолеть узкие национальные рамки и быть информационно полезными не только отдельной диаспоре, не только узкому экспертному.

Список использованной литературы:

1. Исова Л., Килыбаева П. Особенности и идеологические проблемы формирования европейской диаспоры Казахстана (в период Второй мировой войны и после) // Вестник КазНУ. Сер. Международные отношения и международное право. 2019. №. 2. С. 64-72.
2. Калыбекова М.Ч. Казахстан как объект переселения депортированных народов (1937-1956 гг. Исторический аспект): дисс. ... канд. ист. наук. Алматы, 2005. 156 с.
3. Ермекбаев Ж.А. Чеченцы и ингуши в Казахстане. История и судьбы. Алматы: «Дайк-Пресс», 2009. 506 с.
4. Алексеенко Н.В., Алексеенко А.Н., Ерофеева И.В., Масанов Н.Э. История Казахстана: народы и культура. Алматы: Дайк-Пресс, 2000. 680 с.
5. Ким Г.Н. Эволюция национальной идентичности и этнического самосознания постсоветской корейской диаспоры // Международные исследования. Общество. Политика. Экономика. Алматы, 2010. С. 22-29.
6. Брубейкер Р. Этничность без групп /пер. с англ. И. Борисовой. М.: Изд. дом Высшей школы экономики, 2012. 408 с.
7. Корё Ильбо // <https://koreans.kz/koreilbo/>

ЖАҒАНДАНУ КЕЗЕҢІНДЕ ТІЛАРАЛЫҚ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Донбаева А.Б.
«Тұран-Астана» университеті
Астана, Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада мемлекеттің көптілді саясат ұстануы – жаһанданған заманда ел азаматтарының әлемдік бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жасаған прогрессивті қадамы қарастырылады. Бірнеше тілді меңгерген халқы бар мемлекет өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтеді, елдің экономикалық әл-қуаты артады. Бірнеше тілді оқыту – жаһандану талабы.

Кілттік сөздер: жаһандану, тілді оқыту, тіл саясаты, коммуникациялық және интеграциялық қабілет

Title: Linguistic Characteristics of Formation of Language Relations in the Period of Globalization

Author: Donbayeva A.B., TAU, Astana, Kazakhstan

Abstract: The article examines the state's multilingual policy - a progressive step taken by the country's citizens to increase their global competitiveness in the era of globalization. A country whose population speaks several languages expands its communication and integration capabilities, and the economic power of the country increases. Teaching multiple languages is a requirement of globalization.

Keywords: globalization, language teaching, language policy, communication and integration abilities

Жаһандану экономикалық, саяси және мәдени интеграциялану мен бірігудегі (унификациялану) әлемдік жойқын процесс ретінде тіл саласына да өз ықпалын тигізуде. Тілдік жаһанданудың айқын салдары дегенде халықаралық байланыстағы, цифрлық технологиялар, саясат, ғылым, мәдениет саласында планетарлық макроделдалдық тіл болып табылатын ағылшын тілінің таралуын түсінеміз. Әлемдегі 7,5 миллиард тұрғынның 1,5 миллиарды ағылшын тілінде сөйлейді, бұл жер халқының 20%-ын құрайды. Алайда бұл адамдардың көпшілігі ағылшын тілінің төл тіл иермендері емес. Ағылшын тілі 360 миллионға жуық адамның ана тілі, ең көп оқылатын шет тілі болғандықтан, әлемдегі ең кең тараған танымал тіл, содан кейін екінші орынды француз тілі

иемденеді. Ағылшын тілінің жер бетін салтанатты түрде шарлауының тарихи, саяси-экономикалық, ақпараттық және лингвистикалық сипаттағы себептер [1]. Тарихи тұрғыдан алғанда, ағылшын тілінің кең географиялық таралуы Ұлыбританияның отаршылдық өткенімен түсіндіріледі. Саяси және экономикалық тұрғыдан алғанда, ағылшын тілді елдердің саяси және экономикалық қуаттылығы оның таралуына ықпал етті. Ақпараттық факторға келетін болсақ, ағылшын тілі – ғылым, интернет, теңіз навигациясы, халықаралық авиация және туризмдегі ақпарат ағымының таралатын тілі. Ағылшын тілін үйрену басқа тілдермен салыстырмалы түрде оңай, сонымен қатар ағылшын тілінде кірме сөздердің көп болуы және бұл тілден басқа тілдерге лексиканың көп енуі оны аса қиындықсыз игеруге ықпал етеді. Бұл – лингвистикалық фактордың негіздемесі.

Тіларалық қарым-қатынасты қалыптастырудың лингвистикалық сипаты

Әлемнің әртүрлі аймақтарында ағылшын тілі әртүрлі мәртебеге ие. Ол ана тілі, екінші және шет тілі ретінде қолданылады. Бір қарағанда, тілдердің осы категорияларының айырмашылығы айқын. Бірақ оның кең таралуына қарамастан, «ана тілі», «бірінші тіл», «екінші тіл» және «шет тілі» терминдері өзара мағыналас емес, бір-бірінен ерекшеленеді.

Сонымен, ана тіліне келесідей анықтамалар беруге болады:

- бала кезінен табиғи жолмен ата-анасынан (ата-анасы осы тілдің иермендері) үйренген тіл (ана тілі);
- адамның ақыл-ой әрекетін жүзеге асыратын тіл (функционалды түрде бірінші тіл);
- адам қарым-қатынаста, ең жиі қолданатын тіл;
- іштей ең жақын деп қабылданатын тіл, яғни аффективті байланыс сезімін оятатын тіл;
- ата-бабалар тілі, яғни сөйлеушінің белгілі бір этносқа қатыстылығын айқындайтын тіл (этникалық бірегейлікті таны- татын тіл).

Ана тілге берілген анықтамалар кейде сәйкес келмеуі де мүмкін. Егер адам бөтен тілдік ортада өмір сүруге мәжбүр болған болса, бұндай жағдайда ол бала кезінен үйренген тілді сирек қолдануы мүмкін немесе тіпті оны толығымен немесе ішінара ұмытуы да ықтимал; тіл иермені белгілі бір этникалық топқа өзін жатқызуы мүмкін, бірақ сол этникалық топтың тілін мүлдем білмеуі немесе аздап түсінуі мүмкін; ата-бабалар тіліне деген адалдықты

сезінбеуі немесе тіпті бұл тілді білетіндігінен ұялуы мүмкін (егер бұл тілдің дамуы төмен және мәдени артта қалған болса) және т.б.

Екінші тіл (second language) дегенді бірқатар авторлар жеке тұлға екі тілді ортада әлеуметтену процесінде алған (бірінші ана тілімен қатар бір мезгілде немесе кейінірек) функционалды екінші тіл деп түсінеді, шындығында ол бұл тілді аз қолданады. Әлеуметтік лингвистикада тілдік жағдайды сипаттаған кезде екінші тіл әкімшілік-саяси білім беруде ресми қызметтерді орындайтын тіл болып саналады. Мұндай тіл елдегі жалғыз ресми тіл болуы да мүмкін (Нигериядағы ағылшын тілі) не бұл функцияны басқа тілмен де бөлісуі мүмкін, мысалы, Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілімен қатар, орыс тілінің екінші тіл ретінде ресми дәрежесі бар, «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» [ҚР «Тіл туралы Заңы», 5-бап], (Үндістанда ағылшын тілі, екінші тіл – хинди тілі) немесе жартылай ресми тіл мәртебесіне ие және тек шектеулі ғана әлеуметтік маңызды қармақатынас салаларында қолданылады. Лингвистердің пікірінше, ағылшын тілін ресми тіл ретінде белсенді түрде қолданатын елдер болашақта ағылшын тілін жаһандық тіл ретінде дамытуда шешуші рөл атқа рады [2]. Керісінше, шет тілі ретінде оқылатын тілдер кез келген мемлекетте ресми мәртебеге ие бола алмайды; бұлар – оқу орындарында оқытылатын тілдер (мысалы, Қазақстандағы ағылшын тілі).

Тіл білімінде, жаһандану үдерісіне, атап айтқанда, ағылшын тілінің экспанциясына ғалымдар назарларын кеш аударды. Бұл тек ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарында, жаһанданудың саяси және экономикалық аспектілері жақсы сипатталғаннан кейін ғана орын ала бастады. Бірақ, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап тіл білімі тілдік байланыстар (контакт) мен билингвизм мәселелерімен айналысты, бірақ жаһандану жағдайында екітілділік мәселе ретінде салыстырмалы түрде соңғы онжылдықтардан бастап қана зерттеле бастады.

Жаһандану кезеңінде лингвистикалық сипаты тіларалық қарым-қатынасты қалыптастырудың лингвистикалық сипаты

Қазіргі уақытта жаһандануды тілдік тұрғыдан зерттеудің бірқатар ғылыми тәсілдерін бөліп көрсетуге болады:

- жаһандану үдерістерін дәстүрлі лингвистиканың тілдік байланыстар (контакт) және билингвизм мәселелері тұрғысында

қарастыру: екі тілділіктің түрлерін зерттеу, жаңа байланыстағы (контакт) тілдерді, соның ішінде New Englishes деп аталатын және Franglais, Denglish, Spanglish сияқты тілдік нысандарды зерттеу;

- жаһандану нәтижесінде пайда болатын дискурс түрлері, жаһандану туралы дискурстық тәсіл;

- жаһандану әсерінен тілдік жағдаяттың динамикасын және нақты тілдердің қолданылу аясы мен қызмет ету салаларының қайта бөлінуін зерттеу;

- аксиологиялық тәсіл, яғни «тіл және билік» мәселесі мән-мәтіндегі тілдердің «нарықтық» құндылығы тұрғысынан жаһандануды зерттеу;

- жаһандану жағдайында тіл саясатының әр түрлі түрлерін зерттеу, оның ішінде жаһандану процестерінің әсерінен пайда болатын бірегейліктің жаңа түрлерін анықтау;

- жаһанданудың әлем тілдеріне, оның ішінде семантика мен әлемнің тілдік бейнесіне әсерін зерттеу.

У.Аммон «жаһандық тіл» ұғымы мен халықаралық қатынас тілдерінің алуан түрлілігіне назар аудара отырып, тілдің «жаһандық мәртебесі» мен «жаһандық функциясы» арасындағы айырмашылықты ажыратады. Мысалы, испан тілі үш құрлықта қолданылғандықтан, У. Аммонның пікірінше, жаһандық мәртебеге ие, бірақ ол жаһандық қызмет атқаруда ағылшын тілінен төмен тұрады [3]. Халықаралық қатынаста қолданатын тілдер қатарына араб, қытай, француз, испан, орыс, неміс, хинди, малай, португал, жапон тілдері енеді [4]. Африкада суахили тілі кеңінен қолданылады. Қазіргі уақытта суахили тілі ағылшын тілімен қатар Танзания, Кения, Уганда, Заир мен Мозамбикте ресми тіл болып табылады. Жалпы алғанда, бұл тілде 150 миллионға жуық адам сөйлейді. Камбоджа, Лаос, Тайландта вьетнам тілі кеңінен таралған. Бұл тілдердің барлығы макро-делдалдық тілдердің қызметтерін атқарады, өйткені бұл тілдерде сөйлеушілердің арасында екінші немесе шет тілі ретінде сөйлейтіндердің саны көп.

А. Де Сван әлем тілдерін бүкіл әлем кеңістігін қамтитын және халықаралық қатынас тілдеріне негізделген тілдердің «шоқжұлдыздарынан» тұратын тілдер жүйесі ретінде қарастыруды ұсынады. Әрине, ағылшын тілі жаһандық тілдер жүйесінің төрінен орын алады, бірақ басқа тілдік шоқжұлдыздар да планета тұрғындарының өмірінде маңызды рөл атқаруларын жалғастыра береді.

Сондай-ақ, лингвистер ірі тілдердің шағын тілдерге жасаған қыспағы тек қана ХХ ғасырда басталмағанын, одан да әріде ертеректе басталғанын және халықаралық тілдердің құрамы тарихи тұрғыдан өзгеріп отырғандығын айтады. Ертеде және Орта ғасырларда халықаралық тілдер аймақтық сипат алып, олардың қолдануына әлеуметтік және функционалды шектеулер тән болды, олар көбінесе жазбаша түрде қолданылды (Қиыр Шығыс халықтары арасында вэнь янь тілі, араб-еврей әлемінде арамей тілі, Месо-потамия мен Ассирияда шумер және аккад тілдері, эллинистік әлемде ежелгі грек тілі, Рим империясында, кейінірек Еуропаның көптеген елдерінде латын тілі, Таяу Шығыста араб және парсы тілдері, бірқатар славян елдерінде ескі славян тілі қолданылды). ХVІ - ХVІІ ғасырларда португал тілі, ХVІІІ ғасырда француз тілі, ХІХ ғасырда ағылшын және неміс тілдері, ХХ ғасырда социалистік лагерь елдерінде орыс тілі халықаралық қатынас тілі ролін атқарды. Осылайша, тіл саласындағы жаһандану мәселесі тек ағылшын тілінің экспанциясын қарастыруды мақсат етпейді.

Алайда халықаралық қатынас тілдері ХХ ғасырдың ойлап тапқан шығармашылығы емес және олардың саны өте көп, әйтсе де қазіргі уақытта олардың ешқайсысын ағылшын тілімен сөйлеушілер саны жағынан да, қолдану салалары бойынша, әлеуметтік ықпалы, білім беру жүйесіндегі ролі және т.б. бағыттарда салыстыруға келмейді.

Ағылшын тілінің халықаралық аренада кеңінен қолданылатындығына байланысты бұл тіл көбінесе «осы заманның латыны» деп аталады. Бұл метафора аса орынды да емес сияқты, себебі орта ғасырда латын ұлтаралық этникалық тіл болды, ал ағылшын тілінің миллиондаған адамға ана тілі болуы - оларға ағылшын тілін шет тілі немесе ресми тіл ретінде үйренуге мәжбүр болған адамдарға қарағанда айтарлықтай артықшылықтар береді. Жаһандану лингвистердің, саясаткерлердің, әлеуметтанушылардың және мәдениет қайраткерлерінің алдына күрделі мәселелерді қойып отыр: әртүрлі тілдер мен мәдениеттердің байлығын жойып жібермей, әлемнің бейнесін стандарттауға жол бермеу үшін қазіргі қоғамның интеграциялану үрдісі мен этникалық, мәдени және тілдік әртүрліліктің арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады, оның үстінде, тіл саласындағы жаһандану мәселелеріне арналған дискурс идеялогиялық және саяси коннотациялық сипат алып бара жатқандығы да таңқаларлық жайт емес.

Кейбір лингвистердің пайымдауынша, ағылшын тілі үстем жағдайға ие болып алды, енді оны болашақта тайдыру мүмкін емес [4]. Бірақ жағдай бұл айтқаннан күрделірек сияқты, Д.Грэддол ХХІ ғасырдың басында ағылшын тілін ана тілі ретінде сөйлейтіндердің саны ХХ ғасырдың аяғындағыдай, қытай тілінде сөйлейтіндердің санынан төмен, сонымен қатар испан және хинди тілдерінде сөйлейтіндердің санынан да төмен екенін айтады, енді мүмкін жақында ол араб тілін де алдына салуы мүмкін.

Сонымен бірге, ағылшын тілі ана тілі болып табылмайтын бірақ осы тілде сөйлейтіндердің саны өсуде. Д.Грэддолдың айтуынша, қазіргі уақытта ағылшын тілінің таралуына ықпал ететін факторлар ғана емес, бұл процесті тежейтін факторлар да бар. Мысалы, 2000- 2005 жж. аралығында интернеттегі ағылшын тілінің үлесі 51,35-тен 32% -ға дейін төмендеді. Интернет бейресми байланыста, жергілікті базарларда сауда жасау және жергілікті жаңалықтарды алу үшін әр түрлі тілдерде сөйлейтіндер арасында кеңінен қолданылады. Бұл қызметтерді жергілікті тілдер де атқара алады. Сонымен қатар, аз ұлттардың өкілдері Интернетті өздерінің тілдерінің беделін көтеру және сөйлеушілеріне қолдау көрсету үшін пайдаланады [5].

Әлемдегі ағылшын тілінің нұсқаларының көбеюі – ағылшын тілінің болашағы үшін теріс фактор болып саналады, себебі жаһандық ағылшын тілі – бұл біз білетін және бұрын шет тілі ретінде оқыған ағылшын тілі емес. Бұл – тілдік өзгерістерге түскен жаңа құбылыс, ағылшын тілі иермендері бұл құбылыстарды онша құптамайды.

Қазіргі кезде тіл саясаты көбіне заң жүзінде бекітіліп, тіл туралы заңдар түрінде жарияланады. Осы тұрғыда, бұл заңдардың елдегі, республикадағы шынайы этникалық және тілдік жағдайды көрсетуі маңызды. Тіл туралы заңдар барлық елдерде бола бермейді. Тілдер туралы заңның қажеттілігі екі немесе одан да көп тілдер бір жерде бірдей мәртебе талап еткен кезде, бір тілге, әдетте жергілікті тілге, қысым жасалғанда немесе тілден бас тарту қаупі төнген жағдайда пайда болады. Шамасы, төмендегі берілген тілдік жағдаяттардың түрлері мен типтері заңмен белгіленуі мүмкін және бекітілуі керек:

а) мемлекеттік тілдің айрықша қолданылуы (мемлекетаралық келісімдер, ресми құжаттар, мектеп пен университеттің білімі; көшедегі, аялдамадағы, жолдағы жазулар, маңдайшалар, қалалардың, көшелердің, ауылдардың атаулары);

б) мемлекеттік және жергілікті тілдердің әртүрлі салаларда (қалалар, көшелер, дүкендер атауында; құжаттардың кейбір түрлерін рәсімдеуде) бірдей қолданылуы. Соңғысы, ең алдымен, шетелдіктері басым халқы бар аумақтарға қатысты. Бұл, мысалы, Финляндиядағы Аландар аралында швед тілі.

Әртүрлі елдердің тілдер туралы заңдары мыналарды анықтайды:

- мемлекеттік (бір, екі немесе одан да көп) тілдің рөлі мен қызметіне қатысты ереже (бір, екі немесе одан да көп);
- басқа тілдердің орны, жағдайы және құқығы;
- ресми кездесулердің, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың тілі, сот ісін жүргізу тілі;
- азаматтардың өтініштері мен олардың өтініштеріне жауап беру тілі;
- балабақшаларда, мектептерде, университеттерде оқыту тілі;
- ресми құжаттардың, ішкі және жергілікті іскери құжаттаманың, жарнаманың, хабарландырулардың тілі;
- сайлауалды құжаттардың тілі;
- радио, теледидар, газеттер, журналдар тілі;
- географиялық атаулардың емле тілі;
- тауар түрлері, тауарлық белгілер атауларының тілі.

Тілдер туралы заңдарда мемлекеттік тілді әртүрлі кәсіптер мен лауазым иелерінің тілді меңгеру деңгейлері, мемлекеттік тілді білуге байланысты емтихан өткізу тәртібі және мемлекеттік тілді оқыту бағдарламасы қарастырылады және анықталады.

Белгілі бір елде сол елдің мемлекеттік тілін міндетті түрде білу қажеттігін, тіпті көптеген жағдайда міндетті түрде мойындай отырып, келешекте неғұрлым жағдайға икемді және ыңғайлы болатын мемлекеттік құжаттар анағұрлым өміршең болатынын атап өткен жөн.

Тіл туралы заң тым егжей-тегжейлі болжамды болмауы мүмкін, себебі қоғамдағы тілді қолданудың барлық жағдайларын немесе тұстарын алдын-ала болжау мүмкін емес. Негізінде, тіл туралы заң тек сол мезеттегі жағдайды, яғни, сол мезгілде елде орын алған тілдік жағдаятты реттейді.

Тіл туралы заң қоғамды бөліп, әлеуметтік және ұлтаралық шиеленісті тудырмауы керек. Тіл туралы заңның кейбір ережелерін қайта қарау және нақтылау мүмкіндігі болуы керек. Мұндай

заңдардағы кез-келген ережелер осы заңдардың өмірде қолданылу тиімділігі мен пәрменділігін тексеруді алдын ала қарастыруы қажет.

Сөздер, тіл формалары – бұл белгілі бір күнде дайын болуға тиіс машиналардың немесе станоктардың жаңа маркаларының сериясы емес. Тіл туралы заңнан тез немесе жедел нәтиже күтуге болмайды. Тіл биологияның, сана-сезімнің, адам психологиясының ажырамас бөлігі болып табылады, ал тіл туралы кез келген заңның жаңа ережелеріне адамның психологиялық, лингвистикалық тұрғыдан бейімделуіне біраз уақыт кететіндігі алдын-ала қарастырылуы керек.

Тіліне мемлекеттік мәртебе берілген үстем этникалық топ, әдетте, өз тілінің ықпалын кеңейтуге мүдделі. Мысалы, Индонезияда үкімет индонезия тілінің баспасөзде, ғылымда және білім беруде таралуын барынша қолдаған болатын. Кения Президенті Д. Кениата Кенияда суахили тілінің ұлттық тіл ретінде қабылдануына еңбек етіп, көп күш жұмсады.

XX ғасырдың 20-30-жылдары Корея мен Қытайда олардың ұлттық тілдерін насихаттау үшін ресми науқандар өткізілді. Мемлекеттік тілді мектептерде, курстарда оқуға жағдай жасау маңызды рөл атқарды. Осылайша, Нигерияның Жергілікті Тілдер Қоғамы бір кездері елдің ең кең таралған үш тілінде (хауса, йоруба, игбо) газеттердің басып шығарылуын белсенді түрде алға тартты, осы тілдерде мектептерде сабақ жүрді және Шығыс Нигерияның жергілікті парламенттерінде игбо, солтүстігінде – хауса, ал батысын- да – йоруба тілінде пікірталастар өткізді, осы тілдерді үйренуге арналған курстар ұйымдастырды. Гвинеяда ұлттық тілдерді мектепте білім беруге енгізу бағытында белсенді жұмыс жүргізілуде.

Қазақстандық қоғамда болып жатқан экономикалық және әлеуметтік жаңғырудың маңызды аспектілерінің бірі – тіл саясаты. Қазақстанның жаһандану кезеңіндегі қарқынды даму жолындағы елді демократияландыру, әлеуметтік өркендеу саласындағы талпыныстары, білім беру жүйесін жаңаша дамыту, шет мемлекеттермен байланысты тереңдетудегі атқарған істері бекітілген заңнама көлеміндегі ауқымды іс-шараларды қамтиды. Қазіргі еліміздің тіл саясаты көптілділікті, үштілділікті қатар қолданыс құралы ретінде дамытуды қолдайды. Елімізде әрбір азаматтың үш тілді меңгеруіне басымдық береді. Әлемдік білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті, еліміздегі басқа ұлт өкілдерімен толерантты мәдениаралық коммуникация орната алатын, өзін

тәрбиелеген мәдениетін құрметтейтін құзіретті тұлғаны қалыптастыру – басты мақсаттардың бірі болып отыр. Соңғы уақытта адамдардың өмір сүру жағдайлары едәуір өзгерді, өмірде және кәсіпте адамның еңбек мобильділігіне ерекше мән беріледі. Міндеттердің алуан түрін шапшаң және нәтижелі орындау бір немесе бірнеше шет тілдерін меңгерген мультилингвалды азаматқа қолжетімді болатындығына байланысты қазіргі таңдағы осындай кәсіби мамандар еңбек нарығында мол сұранысқа ие болып отыр. Бірнеше шет тілдерін білетін адам – мультилингв – екінші, үшінші шет тілдерін меңгеру процесінде қалыптасатын жеке қабілеттерімен және бірқатар негізгі құзіреттіліктерімен айрықшаланатын «ерекше тілдік тұлға». Көптілді адамға, сонымен қатар көпмәдениеттілік қасиет тән – көпмәдениеттілік бұл өз мәдениетіне жаны ашитын, толерантты, талдап бағалай алатын мінез-құлық сапасы» [6].

Үш тілді оқыту – жаһандану талабы. Қазақ тілі – ұлттық бірегейліктің, орыс тілі – ел ішіндегі жергілікті тұрғындар арасындағы қатынас тілі және ағылшын тілі – қазіргі заманда жер бетіндегі әрбір халықтың әлемдік кеңістікте өз бірегейлігін танытуға қолданатын ортақ түсінікті тілі. Үштілділікті дамытудың құқықтық негізін Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты саласындағы заңнамалық құжаттар құрайды. Алдыға дамып кеткен мемлекеттермен терезе теңестіру осындай заңдастырылған мемлекеттік заңнамалармен бекітіліп, сатылы дамығанда өз жемісін берері сөзсіз.

Мемлекеттің көптілді саясат ұстануы – жаһанданған заманда ел азаматтарының әлемдік бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жасаған прогрессивті қадамы. Бірнеше тілді меңгерген халқы бар мемлекет өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтеді, елдің экономикалық әл-қуаты артады.

«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», – деп А. Байтұрсынов айтқандай, жаһанданған дәуірде бірнеше тілді білген ұлт өкілдері өздерінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейте отырып, мәдениетаралық қарым-қатынаста тілді ұлттар мен мәдениеттерді түсінулерінің басты қаруына айналдыра алады. Бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар заман талабына сай елде де, шет елдерде де өздерінің ұлттық бірегейлігін таныта алатын бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

Бүгінгі таңда өзінің бірегейлігін сақтағысы келетін әрбір мемлекет тіл саясатының теориялық негізін жаһандану және жаңа геосаяси жағдайлар туғызған процестерді ескере отырып жаңартуы қажет. Жаһандық өзгерістермен және трансұлттық экспансиямен сипатталатын жаңа геосаяси жағдай тұсында жергілікті халықтардың ұлтшылдық сипаты өсуде, яғни жаһандану заманында әрбір жеке ұлт пен этностың мәдени өзіндік болмысын сақтап қалу, оны одан әрі дамыту өзекті мәселеге айналып отыр, ағылшын тілді емес коммуникативті қуатты ірі мемлекеттердің мәдени және тілдік егемендігіне қауіп төніп, көлеңке түсуде, ағылшын тілнен басқа тілдердің позициясы әлсіреуде және мәдениеттер мен этникалық топтардың теориялық түрде ыдырауы байқалады. Осылайша, жаһандану және жаңа геосаяси қиындықтар жағдайында ағылшыннан басқа тілдерге қатысты протекционистік тіл саясатының негіздерін теориялық жоспарлау және дамыту қажет екендігі көкейтесті мәселеге айналууда.

Бұл тұжырымды ресми тілдері жоғары коммуникативті дәрежеге ие, жазбаша стандарты қалыптасқан, әдеби мұрасы бай, сөйлеушілердің көптігі мен қызмет ету аймағына ие Еуропаның ірі, экономикалық және мәдени дамыған елдеріндегі социолингвистикалық жағдай растайды. Осындай социолингвистикалық жағдайды тудырып отырған себептерге мыналар жатады: ғаламдық ағылшын тілінің кеңінен таралуы және оның басқа елдердің тілдеріне әсері, осы тілдердің ғаламдық ағылшын тіліне қарама-қарсы ниеттерін білдіретін ағылшын емес тілдер және оппозициялық ағылшын және басқа барлық тілдер сияқты терминдердің пайда болуымен, тіл-киллер, тіл-тиранозавр сияқты пессимистік метафоралардың пайда болуымен, лингвистикалық империализм және тіпті лингвистикалық геноцид [7], сонымен қатар ғылыми қоғамдастықтың ғана емес, «қарапайым» азаматтардың «ана тілім – ағылшын» деген тілдік жауабына және ағылшын-американизмнің үстемдігіне деген наразылықтың артуымен сипатталады:

1. «Тілдердің шегерілуі» [8] – жоғары коммуникативті мәртебесі бар тілдерді бірқатар салалардан ығыстыру (мысалы, ғылыми және халықаралық қатынаста);
2. Тілдердің өмір сүру жағдайларының өзгеруі және жаңа формаларының пайда болуы [88];
3. Қуатты көші-қон процестері, әлеуметтік топтардың диаспоризациясы және этникалануы, тілдік байланыстардың

күшеюі, жетекші тілдер сөйлеушілерінің әлеуметтік базасының өзгеруі, олардың әртекстестігінің өсуі, гибридизация құбылысының артуы.

4. Тілдік рефлексияның өсуі, тілдің жаңа әлеуметтік-философиялық түсінігі және «постұлттық әлемдегі» тілдің рөлі мен орны туралы пікірталас, тіл мәселесінің саясаттануы.

5. Азаматтардың саналы түсінік-ойларынан және ана тілдерінің жағдайы туралы алаңдаушылықтан туындаған Еуропаның жетекші тілдерін қорғау бойынша стихиялық (институционалды емес) шаралардың өсуі. Зерттеушілер «негізгі» еуропалық тілдердің іскерлік, халықаралық қатынастарда, саудада, спортта, сән әлемінде, демалыста және ойын-сауықта өз функцияларын жоғалтып бара жатқандығын мәлімдеуде. Бүкіл әлемдегі коммерциялық келіссөздердің 80%-ы ағылшын тілінде жүргізіліп, ағылшын тілін білу халықаралық саудаға қатысудың маңызды шарты болып табылады [9].

Сонымен, тіл туралы заңнама мәселелері дамыған елдерде де едәуір қиындық тудыруда. Ірі Еуропа елдеріндегі тіл туралы заңдар Литва, Латвия, Польша, Грузия, Украина және т.б. жаңа мемлекеттермен салыстырғанда әлеуметтік беделге ие емес, бұл елдерде нарықты қанағаттандыру үшін, нарықтың пайдасына қарай ыңғайластыру бағытында заңдар жиі бұзылады немесе өзгертіледі, мысалы 2002 жылы Франциядағы Тубон заңымен болған жағдай немесе Германияда тіл туралы бірыңғай заң тіптен жоқ. Себебі бұл мемлекетте жаһанданудың қауырт басталғанына дейін мектептерде, саясатта, құқықтық жүйеде, әкімшілік және жазба тіл қолданылатын әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікте неміс тілі басым болды, сондықтан ұзақ уақыт бойы бірыңғай тіл саясатының болмауы проблема ретінде қарастырылмады.

90-жылдардың басынан бастап Еуропадағы әртүрлі институттар мен қауымдастықтар көптілділікті қолдайды [Еуропалық хартия, 1992]. Қазіргі заманғы екі немесе одан да көп тілдерді білу тұжырымдамасы Тутцингер тезистерінде ұсынылды [Тутцингер тезистері, 1999], онда жоғары коммуникативті дәрежесі бар еуропалық тілдерді сақтау бағдарламасы жасалды. Алайда қолданыстағы әрекет етуші іс-шаралар жергілікті тілге қатысты жағдайларда аз қолқабыс көрсетуде. Тіл саясатының ықпалы әлсіз, орын алып отырған оқиғалармен үйлесімсіз болғандықтан, бұл жағдай Еуропадағы ағылшын емес тілдер үшін қауіпті арттыруда: «ұлттық немесе одан да жоғары тұрған деңгейдегі нарықтық

күштерге – тіл саясатын беріп қою ағылшын тіліне жолды кең ашып, ал ұлттық тілдердің мүмкіндіктерін шектейтін қадам», -деп жазды Филиппсон [10].

Ағылшын тілі коммуникативтік қуаты мықты ұлттық тілдерге қысым жасауда, сонымен қатар бұл тіл барлық тілдерді ысырып қойып, жалғыз өзі басқалардың рөлін атқарып, орнын да баса алады: тілдің мұндай философиясы ашық жарияланбаса да, әлемдік тілдің басымшылығы ұлттық тіл саясатының әлсізденуіне ықпал етеді, жергілікті тіл саясатының өзгермелі сипатқа көшуіне әсері болады. Мәселен, кез келген дүниежүзілік ұйымдарға мүше болатын елдер сол ұйымның ресми тілдерінде ғана жұмыс жасайды, мысалы Ресей 2012 жылы, ал Қазақстан 2015 жылы дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) мүшелікке енді. Бұл елдер үшін маңызы бар құжат – ДСҰ-ға кіруі туралы хаттамаға ұйымның ресми тілдерінде: ағылшын, француз және испан тілдерінде қол қойылды. Осы аталған ресми тілдер иермендерінен басқа елдердің азаматы саналы түрде түсініп, таңдау жасау үшін осы ұйымның шарттары мен міндеттемелерінің ережелерімен өз ана тілдерінде танысу мүмкіндігіне ие бола алмайды. Әрине, келісімшартқа қол қойылғаннан кейін аударма ісіне жүгінуге тура келетіні анық.

Қорытынды

Жаһандану тұсында тіл саясатында ескеретін мәселе, ғаламдық ағылшын тілі басқа тілдік коммуникативтік кеңістікке ене отырып, қабылдаушы тілдің лексикалық құрамы мен коммуникативтік нормаларын өзгертіп қана қоймай [11], ұлттық тілдердің мәртебесінің әлсіреп, бұл тілге сұраныстың азаюына, мәдениаралық қарым-қатынастың құралы ретінде ағылшын тілінің үстемдігі орнауда. Қазіргі кезде кітап, газет пен журналдардың танымалдылығын арттыратын тіл – ағылшын тілі, ғылымның тілі – ағылшын тілі, ғаламтордағы ақпараттардың 80%-ынан астамы ағылшын тілді мәліметтерден тұрады.

Кез келген тілде сөйлейтін (этникалық) топтың демографиясы, тілге берілген мәртебе және тілді институционалды қолдау – бұл тілдердің салыстырмалы қуаттылығы мен өміршендігін бағалаудың маңызды факторлары. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту және оның әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерін кеңейту ел ұстанып отырған саясаттың басты стратегиялық басымдығы болып отыр. Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаят экзогlossивті, теңестірілмеген, дигlossикалық және демографиялық тұрғыдан тұрақсыз деп

сипатталады. Әлемдік білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті, еліміздегі басқа ұлт өкілдерімен толерантты мәдениаралық коммуникация орната алатын, өзін тәрбиелеген мәдениетін құрметтейтін күзиретті тұлғаны қалыптастыру – басты мақсаттардың бірі болып отыр. Жаһандану және туындаған геосаяси қиындықтар жағдайында ағылшыннан басқа тілдерге қатысты протекционистік тіл саясатының негіздерін теориялық жоспарлау және дамыту қажет екендігі көкейтесті мәселеге айналууда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. Алматы, 2016. 248 бет.
2. Омарбекова Г.Ә. Тіл және жаһандану. Нұр-Сұлтан, 2019. 160 бет.
3. Сулейменова, Э.Д. Языковые процессы и политика. Казахский нац. ун им. аль-Фараби. Алматы: Қазақ унив., 2011.
4. Хасанұлы Б. Мемлекеттік тіл: әлеумет және жастар. Алматы, 2013.
5. Karl Erland Gadelii, Language planning: theory and practice. For the Languages Division Education Sector UNESCO. 1999.
6. Communication across cultures. Mutual understanding in a global world. Second edition. Heather Bowe, Monash University, Victoria Kylie Martin, Hokkaido University, Japan Howard Manns, Monash University, Victoria
7. Абақан Е. Тілдің қазіргі мәдени парадигмасы
https://kitap.kz/books/tilding_qazirgi_madeni_paradigmasy
8. Салқынбай А. Тіл және мәдениет: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2011.
9. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. Астана: Елорда, 2001.
10. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп, 1984.
11. Miriam Meyerhoff. Introducing Sociolinguistics. Routledge is an imprint of the Taylor & Francis Group, an informa business. 2006
12. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тіл мәдениеті. Алматы: Мектеп, 1995.
13. Тер-Минасова С.Г., Тіл және мәдениетаралық коммуникация. 166-237 бб.
14. Омарбекова Г.А. Лингвострановедческие единицы английского и казахского языков. Издательство «Қыздар университеті» Алматы, 2013, 220 стр.
15. D. Crystal. English as a Global Language, P:1-28 (on MOODLE)
16. Coupland, N. (ed.). The handbook of language and globalization. Oxford: Wiley- Blackwell.

ҚАЗІРГІ КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ КАТАР МЕМЛЕКЕТІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІГІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Есеркепова Ж.О., Мағзом А.Қ.
Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада Корея Республикасы мен Катар мемлекетінің экономикалық дамуына салыстырмалы талдау жасалған. Екі ел де әртүрлі стратегияларды қолдана отырып, өз экономикаларын дамытуда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Корея Республикасы индустрияландыруға және экспортқа бағдарланған өсуге бағытталған белсенді мемлекеттік саясаттың арқасында жоғары технологиялық тауарларды өндіруде әлемдік көшбасшылардың біріне айналды. Екінші жағынан, Катар Мемлекеті қаржы, туризм және білім беру сияқты әртүрлі салаларға инвестициялар арқылы негізінен мұнай-газ кірістеріне негізделген экономикасын сәтті әртараптандырды. Жұмыста экономика құрылымы, инвестициялық саясат, мемлекеттің рөлі және технологиялық прогресс сияқты әр елдің экономикалық өсуінің негізгі аспектілері талданады. Мақаланың мақсаты Корея Республикасы мен Катар мемлекетінің экономикалық стратегияларындағы негізгі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау, сондай-ақ олардың тиімділігі мен тұрақты экономикалық өсуге ұмтылатын басқа елдер үшін алуға болатын сабақтарын бағалау.

Кілт сөздер: экономикалық даму, салыстырмалы талдау, Корея Республикасы, Катар Мемлекеті, индустрияландыру, экономиканы әртараптандыру, инвестициялық саясат, технологиялық прогресс

Title: Comparative Analysis of the Specifics of the Economic Development of the Modern Republic of Korea and the State of Qatar

Author: Yesserkepova Zh.O., Magzom A.K. KazUIR&WL, Almaty, Kazakhstan

Abstract: This article presents a comparative analysis of the economic development of two countries: the Republic of Korea and the State of Qatar. Both countries have achieved significant success in their economic development using different strategies. South Korea has emerged as a global leader in the production of high-tech goods through an active state policy focused on industrialization and export-oriented growth. On the other hand, Qatar has successfully diversified its economy, primarily based on oil and gas revenues, through investments in various sectors such as finance, tourism, and education. The article analyzes the main aspects of economic growth in each country, such

as the structure of the economy, investment policy, the role of the state, and technological progress. The aim of the article is to identify the main similarities and differences in the economic strategies of South Korea and Qatar, as well as to assess their effectiveness and lessons that can be drawn for other countries striving for sustainable economic growth.

Keywords: economic development, comparative analysis, Republic of Korea, State of Qatar, industrialization, economic diversification, investment policy, technological progress

Қазіргі әлемдік экономикада әртүрлі елдер экономикалық өсуді қамтамасыз ету және өз азаматтарының өмір сүру деңгейін жақсарту үшін әртүрлі даму стратегияларын қолданады. Оңтүстік Корея мен Катар-бұл бастапқы жағдайлар мен ресурстардағы айырмашылықтарға қарамастан, экономикалық дамуда айтарлықтай жетістіктерге жеткен мемлекеттердің мысалдары. Бұл аналитикалық шолу олардың халықаралық аренадағы негізгі ойыншыларға айналуына ықпал еткен экономикалық стратегияларын салыстыруға бағытталған. Соғыстан кейінгі күйреу жағдайында өз жолын бастаған Оңтүстік Корея индустрияландыру мен технологиялық дамуға бәс тігуде. Білім беруге инновациялар мен инвестицияларды енгізу елге жоғары технологиялық өнім өндіруде әлемдік көшбасшылардың бірі болуға мүмкіндік берген стратегияның негізі болды.

Ал Катар табиғи газ бен мұнайдың орасан зор қорымен бұл ресурстарды экономиканы әртараптандыру бойынша өршіл жобаларды қаржыландыру үшін пайдаланды. Қаржы, жылжымайтын мүлік және туризм сияқты секторларға салынған инвестициялар әлемдік энергия нарығындағы ауытқуларға аз тәуелді тұрақты экономикалық жүйені құруға ықпал етті.

Бұл зерттеу екі елдің экономикалық саясатының негізгі аспектілерін, соның ішінде инвестициялық қызметті, мемлекеттің экономикадағы рөлін және технологиялық прогрестің олардың экономикалық дамуына әсерін талдауға бағытталған. Талдаудың негізгі мақсаты - осы елдердің тәжірибесінен қандай сабақ алуға болатынын және олардың табысты стратегияларын тұрақты экономикалық өсуге ұмтылатын басқа мемлекеттер қалай бейімдей алатынын анықтау.

Катар мемлекеті экономикасының дамуына тарихи шолу.

Ерте модернизация кезеңінде Катар экономикасы теңіз өнеркәсібі, теңіз саудасы, оазис шаруашылығы, дәстүрлі мал шаруашылығы және қолөнер сияқты әртүрлі секторларға сүйенді.

Алайда, тайпалық анархия мен қарақшылық дәуірінде тұрақты даму үшін қолайлы жағдайлар болған жоқ. 1940 жылдары мұнай өндірудің белсенді дамуы басталды. Бұл елдің экономикалық дамуындағы шешуші факторға айналды. Мұнай өнеркәсібінің пайда болуы инвестицияларды тарту, газ, құрылыс, туризм және қаржы секторы сияқты басқа салаларды дамыту арқылы Катар экономикасының қарқынды дамуына түрткі болды [1].

1972 жылы шейх Халифа бин Али Әмір Ахмад бин Алиді тақтан құлатып, Катарда мемлекеттік төңкеріс жасады. Ол өзін әмір деп жариялады және елдегі саяси және экономикалық жағдайды жақсартуға бағытталған реформалар жүргізе бастады. Қаржы мәселелерін талқылау құқығын алған консультативтік кеңес құрылды. Сондай-ақ мемлекеттік бюджетті әзірлеу жүйесіне елеулі өзгерістер енгізілді. Өркениет бетін жою және ақша әкімшілігін құру маңызды қадам болды. Инвестициялар кеңесі де құрылды. 1974 жылы "Катар General Petroleum Corporation" Ұлттық компаниясы құрылғаннан кейін мұнай өндіруді және оның кірістерін бақылауға ерекше назар аударылды. Кейіннен, 1971 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін, Катар билігі мұнай нарығындағы қаражатты жергілікті және шетелдік капиталдың қатысуымен мемлекеттік кәсіпорындар мен аралас компанияларды құру үшін белсенді пайдаланды. Экономиканың мемлекеттік секторы, жалпы алғанда, капиталистік сипатта болғанымен, кейбір капитализмге дейінгі ерекшеліктерін сақтап қалды. Өйткені ол елдегі іскерлік белсенділікті ынталандыратын монархиялық режимнің басшылығымен пайда болды. Экономиканың мемлекеттік секторы біртіндеп дәстүрлі монархиялық қондырманы сақтай отырып, экономиканы жедел дамыту үшін басқарушы топтардың мұнай мен газдан түсетін кірісті қайта бөлу құралына айналған еді [2].

1990 жылдарға дейін Катарда мұнай өнеркәсібі айтарлықтай экспорттық кіріс әкелмеді, сондықтан аграрлық ел болып қала берді. Онда бюджет түсімдерінің едәуір бөлігі інжу-маржан аулау есебінен болды. Алайда, XX ғ. үшінші ширегінде ұлттық экономиканың энергетикалық секторын нығайту үшін алғышарттар қалыптаса бастады. Елдің солтүстігінде "Оңтүстік Парс" газ кен орнын ашу идеясы туды. Бұл кен орнын белсенді игеру Катар экономикасының ең қуатты секторларының бірі — қазіргі газ өнеркәсібін қалыптастыруға негіз болды. Газды өндіруді Таяу Шығыстан энергия ресурстарын жеткізуге мүдделі АҚШ-тың қаржылық инвестициялары ынталандырды. Сұйытылған табиғи

газды (СТГ) тасымалдауға арналған танкер флоты, сондай-ақ газ тасымалдау инфрақұрылымының басқа элементтері Катардың экономикалық әл-ауқатында маңызды рөл атқарды, бұл оны жан басына шаққандағы ең бай елдердің біріне айналдырды [3].

Әмір Хамад Катарды әлемдегі ең ірі газ экспорттаушылардың біріне айналдырып, шетелдік инвестицияларды тарту арқылы газ экспорты секторын дамытуға назар аударды. Ол елді аймақтық көлік торабына айналдырып, көлік инфрақұрылымын дамытты. АҚШ пен Ұлыбританияның белсенді қолдауымен ол банк секторын дамытып, шетелдік инвестицияларды тартты. 2008 жылғы қаржылық дағдарыс кезінде катарлықтар Еуропа мен Азиядағы әртүрлі қаржы және өнеркәсіптік компанияларда үлесін алып, өз мүлкін едәуір ұлғайтты. Әмір Хамадтың еңбегі экономика саласындағы өте тиімді саясатты қамтыды. Билігінің алғашқы жылдарында ол шетелдік инвестицияларды тартуға негізделген газ экспорттық әлеуетті жедел дамытуға күш салды. Нәтижесінде Катар Ресей мен Иранмен бірге "үлкен газ үштігінің" бөлігі бола отырып, әлемдегі ең ірі газ экспорттаушылардың біріне айналды [4]. Екінші әмір кезіндегі болған ең маңызды оқиғаны атап кетсем, Шейх Хамад бен Халифа Аль Тани кезінде Катардың болашағы үшін нақты жол картасы ретінде қызмет ету үшін Qatar National Vision 2030 стратегиясы іске қосылды. Ол экономикалық өсуді қамтамасыз ететін жетістіктерді адами және табиғи ресурстармен теңестіре отырып, Катарды алға жылжытуға бағытталған. Бұл көзқарас алдағы онжылдықтарда елдің экономикалық, әлеуметтік, адами және экологиялық дамуын басқаратын маяк болып табылады. Осылайша ол Катар азаматтары мен тұрғындары үшін өмірінің әртүрлі аспектілерінде инклюзивті және пайдалы болады [5].

Қазір билік етіп жатқан әмір кезеңін қарқынды құрылыспен және 2022 жылғы әлем чемпионатына дайындықпен сипатталды. 2019 жылы Катарда инвестициялық заңнама айтарлықтай жаңартылды, бұл шетелдік капитал үшін қолайлы бизнес-орта құруға мүмкіндік берді. Алдыңғы 2000 жылғы сыртқы капитал туралы заңда шетелдіктер өз қызметін жүзеге асыратын секторға қарамастан компаниялардың жарғылық капиталындағы акциялардың 49% - дан астамын иелене алмайтындығы қарастырылған [6].

Катар мемлекетінің экономикалық даму стратегиясының перспективалары

Катардың қазіргі әмірі шейх Тамим ибн Хамад Аль Тани - Катар тәуелсіздік алғаннан бергі ең жас әмір болуымен танылады. Тамим әмірі кезіндегі Катар қарқынды дамуды жалғастырды. 2014 жылы Катардың ЖІӨ 202 миллиард АҚШ долларына бағаланды. Бұл 2011 жылғы ЖІӨ 196 миллиард доллар болған қорытындымен салыстырғанда жақсы нәтиже. Расталған газ қоры 890 трлн. текше фут болды. Бұл жалпы әлем қорының шамамен 15% құрайды. Мұнай, газ және мұнай өнімдерін экспорттаудан түскен кірістер 56,6 миллиард АҚШ долларына дейін өсті. Елдің мұнай-газ кешенін дамыту мен жаңғыртудың 2012 жылдан 2018 жылға дейінгі сегіз жылдық бағдарламасы сәтті іске асырылды. Оның мақсаттары 130 млрд АҚШ доллары көлемінде қаражат бөлуді көздеді [7].

Айта кету керек, 2019 жылы Катардың Ұлттық мұнай-газ компаниясы Qatar Petroleum "Tawteen" өндірістерін оқшаулау бағдарламасы туралы жариялады. Осы бағдарлама шеңберінде Катар аумағында мұнай-газ секторында өндірістік қуаттарды құрғысы келетін ұлттық және шетелдік инвесторлар үшін ынталандыру көзделген [8]. Ақырында, сол 2019 жылы Катар үкіметі Катарға тікелей шетелдік инвестицияларды одан әрі тарту үшін инвестицияларды ілгерілету агенттігін құрды. Жоғарыда аталған қадамдар ел басшылығының қол жеткізілгенге қанағаттанбағанын, бірақ дамудың стратегиялық маңызды Ұлттық мақсаты ретінде қарастырылатын экономиканы одан әрі әртараптандыруды қамтамасыз етуге белсенді ұмтылатынын айқын көрсетеді. Осыған байланысты инвестициялар әлі де өсу факторы ретінде қарастырылуда, сондықтан мемлекет инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі шараларды жалғастыруға мүдделі. Экономика секторларының басым көпшілігі үшін катарлық компаниялардың жарғылық капиталында шетелдік тұлғаларды жүз пайыз бақылауға рұқсат етіледі. Қаржы саласындағы жекелеген қызмет түрлері ғана ерекшелік болды. Бұл ретте мұндай компаниялар өздерінің коммерциялық қызметін осы Заңда және оған сәйкес қабылданған заңға тәуелді актілерде айқындалған шарттарда ғана жүзеге асыруға тиіс болды. Басқа компаниялар үшін (атап айтқанда, бағалы қағаздары Qatar Exchange биржасында сатылатын компаниялар) шетелдік капиталдың үлесі 49% жетуі мүмкін. 2020 жылы Әмірліктер Үкіметі Катардың жеке секторын одан әрі дамытуды ынталандыруға, сондай-ақ Үкіметтің жобаларды басқару мен қаржыландырудағы ролін арттыруға бағытталған мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) туралы №12/2020

сараптамалық қоғамдастықта көптен бері талқыланып келе жатқан заңды қабылдады. Осы заңды орындау үшін МЖӘ жобаларында шетелдік инвесторлардың ерекше мәртебесін реттейтін заңға тәуелді актілер қабылданады деп болжанған [9].

Сондай-ақ, 2022 жылғы футболдан әлем чемпионатын өткізудің экономикалық өсуді ынталандырудағы рөлін атап өту қажет. Бұл оқиға айтарлықтай инвестициялар тартты және шетелдік жұмысшыларды тарту арқылы халық санының өсуіне ықпал етті. Бұл дәстүрлі түрде миллиардтаған доллар тұратын ең ірі халықаралық жарыстардың бірі. Катар үкіметі үшін оның аумағында осындай маңызды іс-шараны өткізу, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық даму себептері бойынша маңызды болды. Осылайша, құрылыс индустриясы өсуге үлкен серпін алды. Түрлі салаларда (көлік, логистика, спорт ғимараттары) ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін ірі шетелдік инвестициялар ғана емес, сонымен қатар көптеген шетелдік жұмысшылар мен жұмысшылар тартылды, соның арқасында 2010 жылдардың аяғында халық саны онжылдықтың басымен салыстырғанда 40%-ға өсті [10].

GlobalData 2024 ж. соңына қарай Катардағы бағдарламалық қамтамасыз ету нарығы 1,8 миллиард долларға, ал жабдық нарығы 2,5 миллиард долларға жетеді деп болжам бар. Ал қызметтері жалпы акт шығындарының 52% — дан астамын құрайды деп күтілуде. Ал 2024 жылдың соңына қарай олар 5 миллиард АҚШ долларына жетуі мүмкін. GlobalData компаниясының аға технологиялық талдаушысы Прамод Агравал былай деп түсіндіреді: "Катар білімге негізделген экономикаға бет бұруда және Катардың 2030 жылға дейінгі ұлттық көзқарасына сәйкес заманауи АКТ инфрақұрылымына, дағдыларды дамытуға және электрондық үкіметке инвестиция салуда. Бұл күш-жігер Катарға өзін аймақтағы жетекші серпінді және қарқынды дамып келе жатқан экономикалардың бірі ретінде көрсетуге мүмкіндік береді". Катардағы бұлтты есептеулерден түсетін кірістер болжамды кезең ішінде 17,8% өсудің ең жоғары қарқынын (CAGR) көрсетеді және 1,6 миллиард АҚШ долларына жетеді деп болжануда. Бұлтты есептеу саласында қызмет ретінде бағдарламалық жасақтама (SaaS), ең үлкен сегмент, сол кезеңде орта есеппен 17,5% - ға өседі. Бұл негізінен Катар ұйымдарының дәстүрлі жергілікті бағдарламалық жасақтамадан бұлтты модельдерге көшуіне байланысты. Банктік, қаржылық қызметтер және сақтандыру (BFSI), бөлшек сауда және

денсаулық сақтау секторлары да болжамды кезеңдегі ең жылдам дамып келе жатқан вертикальдардың бірі болып табылады (орташа жылдық өсу қарқыны бойынша) [11].

Атап айтқанда, 2024 жылы Катардың ЖІӨ өсімі сәйкесінше 4,4% деңгейінде болжамды қарқынмен ПШАМЫК (Парсы шығанағы араб мемлекеттерінің Ынтымақтастық Кеңесі) аймағындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып қала береді деп болжануда. Бұл Катарды аймақтағы экономикалық өсу қарқыны бойынша жетекші орынға қояды [12].

Экономикалық бастамалардан басқа, Катар Халықаралық экономикалық байланыстарды нығайту және шетелдік инвестицияларды тарту бойынша шаралар қабылдайды, бұл қосымша экономикалық өсуге ықпал етуі тиіс. Мұның бәрі Катарды 2030 жылғы Катар ұлттық визиясында көрсетілген ұлттық мақсаттарға қол жеткізу қарсаңында Халықаралық бизнес пен инвестициялар үшін тартымды аренаға айналдырады.

Ал енді Корей Республикасы экономикасының дамуына тарихи шолу жасасақ. Егер Корея Республикасының экономикалық өсу тарихы бойынша оны үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең 1945 жылдан 1961 жылға дейін. Жапон отаршылығы азат етілгеннен кейін, жалпы демократиялық реформалар жүргізіліп, 1950-1953 жылдардағы азаматтық соғыс жойылған экономиканы қалпына келтірді. Экономикалық механизмдерді қалпына келтіру процесін жеделдету және артта қалушылықты жою үшін мемлекет жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары мен капиталды көп қажет ететін өңдеу өнеркәсібінің дамуын ынталандыру арқылы өсу полюстерін құрды. АҚШ пен Жапонияның қолдауына ие бола отырып, шетелдік төмен пайыздық несиелерді пайдалана отырып, Оңтүстік Корея экономикалық өсу қарқынын жеделдетіп, индустрияландырудың экспортқа бағытталған түрін жүзеге асырды.

Екінші кезең 1962 жылдан 1997 жылға дейін. Индустрияландырудың мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыруды жалғастыра отырып, Оңтүстік Кореяда бәсекеге қабілетті салалар үстемдік ете бастаған заманауи өнеркәсіп құрылымы құрылды. Уақыт өте келе Оңтүстік Кореяның экономикасы қатаң реттелетін мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің ерекшеліктеріне ие болды. Оның экономикалық даму динамикасы ұзақ уақыт бойы өте жоғары болып қала берді: өсу жылдарында ЖІӨ өсу қарқыны 11% - ға жетті. Алайда, 1997 жылы басталған әлемдік экономикалық дағдарыстың қиындықтарына тап болған Оңтүстік Корея моделінің

бұл нұсқасы қарсы тұра алмады. Елге экономикалық модельді қайта құру және жетілдіру қажет болды.

Үшінші кезең, 1990 жылдардың аяғында бұрынғы экономикалық жүйені реформалау процесі басталды. ХВҚ және басқа да халықаралық ұйымдардың қолдауымен қаржы секторын нығайтуға қол жеткізілді; Бизнестің дәстүрлі отбасылық-кандық құрылымдары қазіргі заманғы акционерлік компанияларға көшті. Лықтандыру ел өндірісінің барлық салаларына әсер етті; мемлекеттің экономикалық өмірде қатысуы қысқарды, ал еркін жұмыс істейтін еңбек нарығы өмір бойы жалдау жүйесінің орнына келді [13].

Корей Республикасының экономикалық дамуын айтатын болсақ, бірден ойымызға Пак Чон Хи келеді. Жалпы, Пак Чон Хи-дің билігі кезінде көптеген тарихи маңызды оқиғалар болды. Әсіресе экономикаға қатысты стратегиялар да қабылданды. Оңтүстік Корея белсенді экспорттық саясаттың арқасында қарқынды экономикалық дамуға қол жеткізді. 1960 жылдардың ортасы ішкі ресурстардың сарқылуына және төлем балансын жақсарту қажеттілігіне байланысты осы стратегияға көшу уақыты болды. Үкімет экспортты қолдау шараларын қолданды, соның ішінде салық жеңілдіктері, несиелер және экспорттық жоспарларды сәтті жүзеге асыратын компаниялар үшін тарифтерді төмендету. Сондай-ақ, валюта бағамы реформалары және импортты ырықтандыру жүргізілді. Экспортқа мамандандырылған экономикалық аймақтарды құру да дамуға ықпал етті.

Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде *араб тілі* 1993 жылдан бері екінші шетел тілі ретінде, ал 1996 жылдан бастап негізгі тіл ретінде оқытылып келеді. Араб тілінің негізгі тіл ретінде оқытылуы «Араб тілі және мәдениеті» кафедрасының ашылуымен тығыз байланысты. Кафедраның алғашқы меңгерушісі болып 1998–2000 жылдары филология ғылымдарының докторы, профессор В.У. Махпиров қызмет атқарды. Одан кейін кафедраны ұзақ жылдар басқарған Г.Ж.Бүркітбай білімді де білікті кадрларды жинап, өзінің ұйымдастырушылық қабілеті мен қажырлы еңбегін кафедраны қалыптастырып нығайтуға және дамытуға арнады, талмай еңбек етті. Кафедраның алғашқы ұстаздары Г.Ж.Бүркітбай, С.Т.Аманжол, С.А.Қайранбаев «Шет тілі: екі шетел тілі», «Лингвист», «Дінтану», «Шығыстану», «Аударма ісі», «Шетел филологиясы» мамандықтары бойынша араб тілі мамандарын дайындауға үлкен үлес қосты. Аталған мамандықтарда оқытылатын пәндердің Типтік оқу бағдарламаларын, оқу жұмыс бағдарламаларын дайындады.

Әр жылдары кафедраның профессор-оқытушылар құрамы кеңейіп, Д.Ә.Есенжан, А.Б.Донбаева, С.К.Әмірбекова, А.Шериев, Е.Садуақасов, Ш.Б.Қожабекова, Р.С. Мұхитдинов, Қ. Бектасова, Г.Сауранбекова сынды ұстаздармен және Ф.З.Дулаева, Д.Е.Қожахметова, Б.М.Мұханбетова, Е.М.Тубажанов, А.М.Амиров сынды түлектерімізбен толықты.

Сапалы білім беріп, білікті маман даярлауда шетелдік профессорлар мен оқытушылар шақырылды, Египет Араб республикасынан д-р Ахмад ас-Саид Мухаммад, д-р Амир Мухаммад Мухаммад, д-р Али Шағбан, Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университетінің ректоры, профессор Махмуд Фаһми Хижази, Каир университетінің профессоры Абду әл-Хаким Ради, д-р Мухаммад Ар-Ризк, д-р Абдуррахман Хижази, магистр Ас-Саид Мухсин, магистр Мұстафа Диғиди, магистр Махмуд Ар-Рубий, сонымен қатар 2019-2020 жылдары ковид індеті кезеңінде д-р Мухаммад Раджаб Абдул-Бари онлайн сабақ беруді жалғастырса, қазіргі таңда д-р Уалид Ибраһим Хасан лекциялар беріп, араб тілі сабақтарын жүргізуде.

Египет Араб Республикасы елшілігі жанындағы Мысыр мәдениет және білім ісі жөніндегі орталығы араб тілі бөлімімен бірлесе жұмыстар жүргізді, оқытушыларға әдістемелік семинарлар, студенттерге білім жетілдіру курстарын және мәдени іс-шаралар

өткізіп отырды, университетімізде Мысыр елінің ежелгі және қазіргі тарихынан сыр шертетін көрмелер ұйымдастырды.

Араб тілі бөлімінің дамуына қолдау көрсеткен «Уақф фондэйшн» халықаралық ұжымы 2008 жылы араб тілі орталығын ашты. Ұжымның демеушілігімен араб тілі орталығы компьютерлермен, араб тіліндегі әдебиеттерімен, оқулықтармен және басқа да техникалық құралдармен қамтамасыз етілді.

Кафедраның профессор-оқытушылары оқу үрдісінде білім берумен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарын да жүргізді. Салыстырмалы-тарихи, типологиялық, салғастырмалы тіл білімі бағытында өзекті ғылыми зерттеулер жасаған *Г.Ж. Бүркітбай* «Арабизмдердің қазіргі қазақ тілі түсіндірме сөздіктерінде лексикографиялануы» [1], *Ш.Б.Қожабекова* «Қазақ және араб тілдеріндегі поэтикалық сөз-образдар» [2], *Р.С.Мұхитдинов* «Диуан луғат эт-турк» және араб лексикографиясы: тарихи негіздері мен теориялық принциптері» [3], *Ф.З.Дулаева* «Когнитивная природа антонимии и ее дискурсная реализация в разноструктурных языках» (на материале арабского и русского языков) [4], *А.Б.Донбаева* «Қазақ және араб мақал-мәтелдерінің лексико-грамматикалық ерекшеліктері» [5] тақырыбында кандидаттық диссертацияларын қорғаса, басқа оқытушылар *Аманжол С.Т., Қожахметова Д.Е., Мұханбетова Б.М., Тубажанов Е.М., Амиров А.М.* магистрлік диссертациялар қорғады.

Оқу үрдісінде білім беру мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұштастыра білген кафедраның профессор-оқытушылары ондаған оқулықтар мен оқу құралдарын, монографиялар мен хрестоматиялар жазып, сөздіктер құрастырды, сондай-ақ, халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференцияларға тұрақты түрде қатысып, жүздеген ғылыми мақалаларын жоғары басылымдағы шетелдік, халықаралық және республикалық басылымдарда жарыққа шығарды. *ф.ғ.к., проф. Г.Ж.Бүркітбайдың* «Араб тілінің морфологиясы» монографиясы [6], жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған «Араб тілі» оқулығы, оқу кітабы, жұмыс дәптері (авторлар ұжымы) [7], «Араб тілінің грамматикасы. Сарф» оқулығы (авторлар ұжымы) [8], және 70-тен аса ғылыми мақаласы жарық көрді. *ф.ғ.к. А.Б.Донбаеваның* «Даналықтың түбі бір: қазақ және араб мақал-мәтелдерінің лексико-грамматикалық ерекшеліктері» монографиясы [9], және 15-ке жуық ғылыми мақаласы басылып шықты. *ф.ғ.к., проф. Д.Ә.Есенжан* «Ел

мен руханият» (Ұлттық құндылықтар қазынасы «Қарасай-Қази жыры» жайында) монографиясын [10], жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану бағытындағы 10-сыныбына арналған «Араб тілі» оқулығын [11], «Қазақша-арабша- орысша, арабша-қазақша-орысша қоғамдық-саяси сөздік» [12], «Арабша-қазақша сөздік» (50000 сөз, ұжымдық жұмыс, 2016) [13] және 60-қа жуық ғылыми мақалаларын, оның ішінде халықаралық танымал басылымдарда араб тілінде жариялап келеді. Магистратурада «Ілеспе аударма» мамандағы бойынша он жылдай дәріс берді. Д.Ә.Есенжан оқытушылық, ғылыми-зерттеулермен қатар аудармашылық қызмет те атқарып келеді. 2006, 2009 жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Мысыр Араб Республикасының қолжазба қорларына ғылыми сапармен барып, елімізге Қазақстан тарихына қатысты араб тіліндегі құнды қолжазбаларды жеткізді. Ғылыми сапар нәтижелері ғылыми баспа беттерінде бірнеше рет жарық көрді. Д.Ә.Есенжан 2000 жылдан бері ілеспе аудармашы ретінде Университетіміздің атынан жоғары деңгейді халықаралық форумдар мен съезд конференцияларға қатысып келеді. Еңбек кітапшасында ҚР парламентінің алғыс хаттары тіркелген. Мемлекеттік бағдарламалар аясында Республикамыздың бірнеше қалаларында ілеспе аудармадан авторлық курстар өткізіп келеді. Жазбаша аудармалар еңбегінің шоқтығы ретінде БҰҰ-ның өзге жұмыс тілдерімен қатар араб тіліне аударылған Таласбек Әсемқұловтың «Талтүс» романы 2018 жылы «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрді. *ф.ғ.к., доцент Р.С.Мухитдиновтың «Диуан лұғат эт-турк» – түркітану темірқазығы»* монографиясы (2011), 7 діни еңбектері мен аудармалары, сөздіктері, «Арабша-қазақша сөздік» (50000 сөз, ұжымдық жұмыс, 2016) және 50-ден астам ғылыми мақалалары жарық көрді. «Арабша-қазақша сөздік» жасалуына тоқталсақ, оған араб тіліндегі әртүрлі лексикалық қабаттар, сөз тіркестері, сан-салалы терминдер мен ұғымдар, мақал-мәтелдер енген, араб тілінің өз ерекшелігін сақтап, түбірлер бойынша құрастырылған. Бұл сөздік қазіргі таңда дүниежүзінің басты кітапханаларынан орын алды. *магистр, аға оқытушы С.Т. Аманжолдың* жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған «Араб тілі» оқулығы, оқу кітабы, жұмыс дәптері (авторлар ұжымы) [7], «Араб тілінің грамматикасы. Сарф» оқулығы (авторлар ұжымы) [8], және 12 мақаласы SCOPUS және республикалық басылымдарда басылып шықты. *магистр, аға*

оқытушы *Е.М.Тубажановтың* 7 мақаласы және магистр, аға оқытушы *А.М.Амировтың* 14 мақаласы халықаралық, республикалық басылымдарда жарық көрді.

ф.э.к., проф. Ш.Б.Қожабекованың «Қазақ және араб тілдеріндегі поэтикалық образдар» монографиясы (2012), «Ілеспе аударма практикалық курсына арналған араб тілі» (2016), «Араб риторикасы» (2017), «Заманауи араб әдебиеті хрестоматиясы» (2018) электронды оқу құралдары және 22 ғылыми мақаласы әртүрлі басылымдарда жарық көрді. Осы тұста атап айтуға тура келетін жайт; жоғарыда көрсетілген электронды оқу құралдардың бәрі Қазақстанда алғаш рет араб тілінде жарық көріп, оқу барысында кеңінен қолданылды. Бұл оқулықтар презентациясы 2023 жылы Сауд Арабиясы Корольдігі, Эр-Рияд қаласында өткен «Араб тілін шетелдіктерге үйрету» курсына «Араб тілін оқытудың әлемдік тәжірибесі: тарихы, қазіргі жағдайы, болашағы» тақырыбындағы халықаралық форумда көрсетілді. Ал, PhD Мухаммад Раджаб Абдульбаримен бірге «Араб медиа мәтіні» (2022) атты оқу құралы университет бағдарламасына жаңадан енген Майнор «БАҚ мәтінін редакциялау» пәніне арнайы жасалынған. Ол- университет студенттеріне БАҚ мәтінін редакциялау әдісін үйренуге, араб баспасөз тілін терең түсінуге көмек ретінде дайындалған Қазақстанда алғаш жасалған араб тіліндегі оқу құралы. Және қазіргі заманда электронды баспасөздің басымдылығын ескере отырып, электронды газет пен электронды сайттардың элементтері мен ерекше белгілеріне, түрлеріне, олардың қағаз газеттен айырмашылығына баса назар аударылды. Бұл оқу құралы «Шетел филологиясы» білім беру бағдарламасының студенттері мен арабтанушы оқытушыларға арналған [14].

Араб тілі бөлімінің ұстаздары халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларға қатысумен ғана шектелмей, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ-де 2014 жылы араб бөлімінің ашылуына 20 жыл толу қарсаңында «Қазақстанның араб елдерімен тіл білімі, тарих және мәдениет салаларындағы қарым-қатынасы» атты II халықаралық теориялық-ғылыми конференциясын өткізіп, мақалалар жинағын басып шығарды.

Кафедра оқытушылары, магистранттары мен студенттері араб елдерінде, басқа да алыс-жақын шет елдерде ғылыми және тілдік тағылымдамалардан өтіп, кәсіби біліктілігін арттырып тұрады. Кафедра оқытушылары Д.Ә.Есенжан (2003, 2006, 2009), Г.Ж.Бүркітбай (2003), Ш.Б.Қожабекова (2003), С.Т.Аманжол (2003);

2009), Дулаева Ф.З. (2003) Қ.Бектасова (2003), А.Б.Донбаева (2004), С.К.Әмірбекова (2004), Г.Сауранбекова (2004), Е.М.Тубажанов (2004, 2009), А.М.Амиров (2006, 2009), Р.С.Мұхитдинов (2016,) Египет Араб Республикасы Каир қаласы Ұлттық-зерттеу орталығындағы білім жетілдіру курстарына қатысып, тілдік тағылымдамадан өтті. Аманжол С.Т. және Амиров А.М. Польша Республикасы, Олыштын қаласында ғылыми тағылымдамада (2014) болды.

Есенжан Д.Ә. Король Абдулла Бин Абдуль Азиз Халықаралық араб тілі орталығының шақыруымен 2019 ж. Эр-Рияд қаласында өткен Азия елдері арабтанушыларының I халықаралық конференциясына, 2020 жылы Сауд Арабиясы Корольдігі Хаил қаласы Әдеби клубының шақыртуымен Халықаралық аудармашылардың «Хатымтай Тай форумына» қатысып, “Аударманың мәдениаралық байланыстағы рөлі” атты баяндама жасады. Сонымен қатар, 2021-2022 жылдары “Араб тілінен ілеспе аударма жасаудың ақпараттық технологиялары” атты Ташкентте, Бишкекте онлайн вебинарлар өткізді. 2023 жылдың 7-14 қаңтар аралығында араб тілі оқытушылары ф.ғ.к., профессор Д.Ә.Есенжан, ф.ғ.к., қауымдаст. профессор Ш.Б.Кожабекова, магистр С.Т.Аманжол, магистр Е.М.Тубажанов Король Салман атындағы Халықаралық араб тілі академиясының шақыруымен Сауд Арабиясы Корольдігіне, Эр-Рияд қаласында өткен «Араб тілін шетелдіктерге үйрету» курсына қатысып, кәсіби біліктіліктерін арттырды және «Араб тілін оқытудың әлемдік тәжірибесі: тарихы, қазіргі жағдайы, болашағы» тақырыбындағы халықаралық форумға қатысып, баяндамалар жасады. Форум халықаралық тәжірибе алмасу алаңына айналды және жоғары кәсіби деңгейде өтті. Эр-Рияд қаласында оқытушылар Қазақстан Республикасының Сауд Арабиясы Корольдігіндегі Елшісі Б.С.Арынмен кездесті. Сапар барысында оқытушылар араб әлемінің ұлттық мәдениетімен, тарихи ескерткіштерімен жақын танысып, Масмак сарайы, Король Абдул Азиз қоғамдық кітапханасы т.б. көрнекті орындарға саяхат жасады. Сапар соңында араб тілі ұстаздары Мекке және Мадина қалаларына барып, умра жасады және ислами тарихи орындармен танысты. Оқытушыларға осындай іс – шараларға қатысу –жеке және кәсіби өсуге мүмкіндік беретін баға жетпес тәжірибе!

Магистранттар мен студенттер де Египет Араб Республикасында, Иордания Хашимит корольдігінде, Оман Сұлтанатында, Сауд Арабиясы Корольдігінде тіл дамыту

курстарына қатысып тұрады. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамының шет тілін оқытудағы әдіс-тәсілдерінің, кәсіби біліктілігінің жоғары болуы арқасында 2010-2022 оқу жылдарында өткізілген Республикалық тілдер олимпиадасында біздің студенттеріміз араб тілінен әрдайым 1-2 орындарды иеленіп отырды.

Араб тілі бөлімінің түлектері қазіргі таңда еліміздің сыртқы істер министрлігінде, жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу ұйымдарында, мемлекеттік мекемелерде абыройлы қызметтер атқаруда: дипломатия саласында *М.С.Меңілбеков* Қазақстанның БАӘ-дегі Төтенше және Өкілетті Елшісі, қазіргі таңда Сауд Арабиясы Корольдігінің Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметінде, *Р.А.Жумабек* Қазақстанның Дубайдағы Бас консулы қызметін атқарып, қазір Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Таяу, Орта Шығыс және Африка департаментінің директоры. ЖОО ұстаздары *ф.ғ.к. Р.С.Мухитдинов, ф.ғ.к. Ф.З.Мамедова, ф.ғ.к. Э.З.Дулаева, PhD М.Н.Мусабеков, магистр Е.М.Тубажанов*; «Имам Матуриди» орталығының ғылыми қызметкері магистр *Ә.Т.Жүнісов*, «Үшқоңыр» медресесінің директоры *А.М.Амиров*, ҚМДБ «Муфтият баспасының» директоры *М.М.Әбдіхалықов*, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ мониторинг және басқару орталығының жетекшісі *Е.Н.Шанбаев*, сонымен қатар кәсіби аудармашылар: Сауд Арабиясы Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің аудармашылары *магистр М.Б.Сарсембаева, магистр Б.К.Нурмуханбетов, магистр Қ.А.Берік* және Катар Мемлекетінің Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің аудармашысы магистр *И.А.Байдышева, А.Ақберді*, Иордания Хашимит Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің аудармашысы магистр *Е.Жазылханұлы*, Қазақстан Республикасының Мысыр Араб Республикасындағы Елшілігінің аудармашысы магистр *С.С.Құрмаши*, Қазақстанның БАӘ-дегі Елшілігінің аудармашысы *Д.Ысқақов* өз еңбек жолдарында елеулі жетістіктерге жетуде.

Араб бөлімінің ұстаздары еліміздегі ЖОО араб тілі оқытушыларына арналған республикалық әдістемелік семинарларға, араб елдерінен келген профессорлардың курстарына қатысып, кәсіби шеберліктерін арттырумен қатар, университетімізде де семинарлар ұйымдастырып, тәжірибе алмасып отырады. 2011 жылы «Қазақстандағы араб тілі: шетел тіліндегі білім беру мәселелері» атты республикалық семинар, 2017 жылы «Араб тілін оқытудың заманауи мәселелері» тақырыбында

республикалық әдістемелік семинар және 2023 жылдың 20-23 ақпаныңды Король Салман атындағы Халықаралық араб тілі академиясының Орталықтар мен бағдарламаларды басқару бөлімінің меңгерушісі, профессор Әл-Мидуах Али Ахмед, Сауд Король университетінің зерттеу және сынақ орталығының жетекшісі, профессор Аддамех Халед Абдулазиз және Сауд Король университетінің оқытушысы Аль-Сарами Абдурахман Саад ұстаздың қатысуымен Қазақстанның ЖОО оқытушыларына арналған «Араб тілін оқытудың заманауи әдістері мен технологиялары» атты халықаралық семинар өтті.

Араб тілі бөлімінің оқытушыларының соңғы 1-2 жылдың өзінде-ақ өткізген қыруар қызықты кездесулерін атап айтсақ, араб тілі бөлімінің түлектерімен кездесулер ұйымдастыру дәстүрлі түрде жолға қойылған. 2021 жылдың 30 наурызында «Бәсекеге қабілетті маман болу – заман талабы» тақырыбы аясында араб тілі бөлімінің түлектері университет студенттерімен Университетіміздің 80 жылдық мерейтойына орай өткізілген дөңгелек үстелде бас қосты. Ол кездесуде түлектер өз мамандықтарында жеткен жетістіктерімен ой бөлісіп, студенттерді оқу-білімге шабыттандырды, алға қойған мақсатқа жету жолдарын айтып, әсерлі із қалдырды. Келесі дөңгелек үстелде 18.04.2022 жылы дипломаттар Қазақстан Республикасының Ливан Республикасындағы Елшілігінің Сенімді өкілі Е.Ж.Қалекенов және Қазақстан Республикасының Дубай және Солтүстік Әмірліктердегі Бас консулы Ж.Р.Әбдіманапұлы және шығыстанушы арабист, Төтенше және өкілетті уәкіл Б.Т.Омаров 03.11.2023 жылы студенттерімізбен кездесіп, бәсекеге сай маман болудағы өз тәжірибелері мен ақыл-кеңестерін бөлісе отырып, Шығыс елдеріндегі заманауи геосаяси жағдайлар бойынша пікір алысты. Сонымен қатар, 22.02.2024 жылы шетелдік және отандық мамандар: Египет Араб республикасының тіл маманы доктор Уалид Ибраһим Хасан Ибраһим «Араб халықтарының әдет-ғұрпы мен мәдениетінің ерекшелігі (әлемдік тілдік бейне)» тақырыбында және Қазақстандық арабтанушы ғалым, PhD Р.Мухитдинов «Лингвист ғалымдардың Құран мен сүннетті мәтін ретінде зерттелуі» атты қызықты да мәнді лекциялар оқыды.

Міне, біздің араб тілі бөлімінде 30 жылда атқарылған қыруар іс-шаралардың бәрі-кафедрамыздың меңгерушісі, профессор Бүркітбай Гауһар Жансапқызының орасан іскерлігі мен кәсіби біліктілігінің, ұжымды бір отбасындай алып жүрген ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында деп білеміз! Гауһар

Жансапқызы педагогика саласында еңбек жолын жалғастыра отырып, 1994 жылы Абылай хан университетіне араб тілінің оқытушысы болып орналасқаннан кейін, араб тілі және мәдениеті кафедрасын басқарды. Қазіргі таңда Шығыс тілдері кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., профессор Гауһар Жансапқызының 30 жылдық еңбек жолы осы кафедра тынысымен тығыз байланысты! Гауһар ұстаз осы университетте жасаған қызмет барысында ҚР Білім және ғылым министрлігі шетелдік құжаттарды нострификациялау комиссиясының мүшесі; Қазақстан Республикасы бойынша ЖОО аттестаттау комиссиясының мүшесі; Сапа менеджмент жүйесінің ішкі аудиторы, эксперт; ҚР ЖОО мемлекеттік қорытынды аттестаттау комиссиясының мүшесі; Академиялық Кеңес мүшесі; Шет тілінен Олимпиада комиссиясының Бақылау тобының мүшесі ретінде жемісті еңбек етті! Ол Шетелдік ЖОО-мен келісім-шарт жасасу, шетелдік ғалымдарды оқу үдерісінде онлайн-дәрістер оқуға тарту, студенттердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру, шетелде біліктіліктерін арттыру үшін келісім-шарттар жасау, ғылыми жетекшілік, конференциялар, дөңгелек үстелдер, әдістемелік семинарлар, білім беру іс-шараларын ұйымдастыруда іскерлік таныта білді!

Бүгін біз, осы университеттің Шығыс филологиясы кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы шығыс тілдерін оқытудың 30 жыл толу мерекесіне қатарлас келген шығыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі Бүркітбай Гауһар Жансапқызының 60-жылдық мерейлі жасымен құттықтаймыз! Ұстаза, біріншіден, біздің Сізге алғысымыз шексіз, 30 жыл ғұмырыңызды осы кафедраның аяғынан тік тұрып кетуіне арнадыңыз, аянбай еңбек еттіңіз, соның арқасында жеткен табысыңыздың бірден бір көрінісі-ол Қазақстанның жарқын болашағы үшін еңбек жолын жалғастырған түлектеріңіздің осы оқу орнынан алған тәлім-тәрбиесі мен кәсіби біліктілігі! Екіншіден, осы ұжымда сіздің жол көрсетуіңізбен еңбек жолын бастап, бүгінде жоғары дәрежелі аға оқытушылар мен ғылым кандидаттары болып отырған әріптестеріңіздің зор табысы - Сіздің еңбегіңіздің нәтижесі!

Қымбатты Гауһар Жансапқызы! Сізге зор денсаулық, отбасыңызға зор бақыт, шығармашылық табыс тілей отырып, Сізге деген үлкен ризашылығымызды білдіреміз!

Қорытынды

Бұл мақалада біз Шығыс филологиясы кафедрасының араб бөлімі профессор-оқытушылар құрамының 1993-2024 жылдар аралығындағы жасаған іс-шаралары мен ғылыми еңбектеріне тоқталдық. Осы ширек ғасыр шамасында біздің оқытушылар дайындаған оқулықтар мен сөздіктер мамандар тарапынан үлкен қолдау тапты, оқу-әдістемелік талапқа сай заманауи электронды оқу құралдары студенттеріміздің білімін жетілдіруге нәтижелі септігін тигізді. Және араб бөлімі ұстаздарының жылдап жинаған іс-тәжірибесі мен қажырлы еңбегінің арқасында талантты түлектеріміз дипломатия саласының, ЖОО білікті мамандары! Биыл Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ университетінде шығыс тілдерін оқытудың 30 жыл толу мерекесі аталып өтілді. Осы орайда шығыс филологиясы кафедрасын 30 жыл бойы басқарып келген Бүркітбай Гауһар Жансапқызының еңбегін зор бағалаймыз. Ал, біз араб бөлімі профессор-оқытушылар құрамы кәсіби деңгейімізді үнемі дамытып, студенттерімізге білім беру, оларды тәрбиелеу, дамыту барысында болашақта да өз ісімізді одан ары жалғастырамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Г.Ж.Бүркітбай Арабизмдердің қазіргі қазақ тілі түсіндірме сөздіктерінде лексикографиялануы: фил. ғыл. канд. ...дис. Алматы, 2009. 145 б.
2. Ш.Б.Қожабекова Қазақ және араб тілдеріндегі поэтикалық сөз-образдар: фил. ғыл. канд. ...дис. Алматы, 2009. 133 б.
3. Р.С.Мухитдинов Диуан лұғат әт-турк» және араб лексикографиясы: тарихи негіздері мен теориялық принциптері: фил. ғыл. канд. ...дис. Алматы, 2010. 140 б.
4. Ф.З.Дулаева Когнитивная природа антонимии и ее дискурсная реализация в разноструктурных языках (на материале арабского и русского языков): фил. ғыл. канд. ...дис. Алматы, 2016. 180 б.
5. А.Б.Донбаева Қазақ және араб мақал-мәтелдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері: фил. ғыл. канд. ...дис. Алматы, 2010. 140 б.
6. Г.Ж.Бүркітбай, Х.Еллек. Араб тілінің морфологиясы. Монография. Алматы, 2000. 190 б.
7. Г.Ж.Бүркітбай, С.Т.Аманжол, С.А.Қайранбаев. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған «Араб тілі» оқулығы, оқу кітабы, жұмыс дәптері. Алматы, «Мектеп» 2010. 272 б.
8. С.Т.Аманжол, Г.Ж. Бүркітбай, Ж.Ж.Сариев. Араб тілінің грамматикасы. Сарф. Алматы: Абылай хан ат.ҚазХҚжәнеӘТУ, «Полилингва» 2019. 188 б.
9. А.Б.Донбаева Даналықтың түбі бір: қазақ және араб мақал-мәтелдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері. Монография. Алматы, 2004. 133 б.
10. Д.Ә.Есенжан Ел мен руханият. Монография. Алматы, 2010. 219 б.
11. Д.Ә.Есенжан жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану бағытындағы 10-сыныбына арналған «Араб тілі» оқулығы (ұжымдық жұмыс). Алматы, 2010. 285 б.
12. Д.Ә.Есенжан «Қазақша-арабша-орысша, арабша-қазақша-орысша қоғамдық-саяси сөздік» (7000 сөздер мен сөз тіркестері). Алматы, 2011. 269 б.
13. Р.С.Мухитдинов, Д.Ә.Есенжан «Арабша-қазақша сөздік» (50000 сөз, ұжымдық жұмыс). Алматы, 2016. 920 б.
14. Мухаммад Раджаб Абдульбари, Ш.Б.Қожабекова والإعلامي مفهومه و ضوابطه تحرير النص» Араб медиа мәтіні». Алматы: Абылай хан атындағы ҚАЗХҚжӘТУ, 2022. 110 б.

ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮС СӨЗДЕР — "ҚАРА ЖӘНЕ АҚ" -қа СЕМАНТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Қуанышпек Н.Б., Меллат Д.
Абылай хан атындағы Қаз ХҚ және ӘТУ
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа: Қытай және қазақ тілдерінде “қара, ақ” сөздері өте белсенді сөз жасау элементтері болып табылады, және екі тілде де “қара, ақ” түстерінен жасалған көптеген сөз тіркестері бар. Адамзат қоғамы дамыған сайын қытай және қазақ тілдеріндегі “қара мен ақ” түстерінің қолданылуы түс санатынан асып түсті, және екі тілде де көптеген ауыспалы мағыналар пайда болды. Қытай және қазақ тілдері семантикалық кеңеюде ұқсастықтарға ие, бірақ айырмашылықтар да бар. Осы мақалада қытай және қазақ тілдеріндегі “қара, ақ” сөздерінің мағынасының салыстырмалы талдауы жүргізіледі, сондай-ақ екі тілдегі түс сөздерінің семантикасының дамуына күнделікті өндірістік өмірдің ықпалы қысқаша талданады. Салыстырмалы талдау этника аралық тілдік алмасуды және интеграцияны тереңдетуге ықпал етеді.

Кілттік сөздер: қытай тілі; қазақ тілі; түс сөздер; қара, ақ; семантикалық талдау; салыстыру

Title: Color Words in Chinese and Kazakh — A Semantic Analysis of "Black and White"

Author: Kuanyshpek N.B., Mellat D., KazUIR&WL, Almaty, Kazakhstan

Abstract: In Chinese and Kazakh, the words "black, white" are very active word-formation elements, and both languages have many phrases made from the colors "black, white". As human society developed, the use of "black and white" in the Chinese and Kazakh languages went beyond the color category, and many alternate meanings appeared in both languages. Chinese and Kazakh languages have similarities in semantic expansion, but there are also differences. In this article, a comparative analysis of the meaning of the words "black, white" in the Chinese and Kazakh languages is carried out, as well as the influence of everyday industrial life on the development of the semantics of color words in both languages is briefly analyzed. Comparative analysis contributes to the deepening of inter-ethnic language exchange and integration.

Keywords: Color Words in Chinese and Kazakh — A Semantic Analysis of "Black and White"

Әлем халықтарының тілдеріндегі түс сөздерінің ерекшелігі сол, олар негізгі мағынасы – физикалық құбылыс ретінде түсті

белгілеумен қатар, кең символикалық мағыналарды иемдене алады, бұл арқылы әлемге деген эмоциялы-этникалық және әлеуметтік-мәдени көзқарасты бейнелейді. Сондықтан әлемдегі ғалымдар түстерді атау сөздерінің мағыналары мен функцияларын зерттеуге тұрақты қызығушылық танытады, өйткені бұл зерттеулер әртүрлі тілдерде түстерді атау сөздерінің мағыналарын зерттеу арқылы ұлттық мәдени ерекшеліктерді зерттеуге үлес қосады. Мысалы, «қара» және «ақ» сөздерінің негізгі лексикалық мағынасы әлемнің барлық, немесе көпшілік тілдері үшін универсалды, ал олардың символикалық және ассоциативті мағыналары маңызды түрде өзгеруі мүмкін, бұл әртүрлі тілдердің сөйлеушілері арасындағы сәтті коммуникацияға кедергі келтіреді. Сондықтан әртүрлі мәдениет өкілдерінің арасындағы қақтығыстарды болдырмау және түсінбеушілікті жою үшін, әрбір ұлттық тілдегі түс атауларының мағынасының тереңдігі мен кеңдігін білу қажет.

Қытай тіліндегі "黑" және қазақ тіліндегі "қара" сөздерінің мағынасын талдау

Қытай тіліндегі "黑" сөзінің негізгі және ауыспалы мағынасы

《中华现代汉语大词典》 бойынша "黑" сөзі (қара) сия мен көмірге ұқсас түс ретінде анықталады, "白" (ақ) сөзіне қарама-қарсы[1].

"黑" сөзінің оң мағынасы

Хань дәуірінде тулар мен киім түстері негізінен "黑" (қара) болған, бұл түске асылдық ассоциациясын берген. "黑" (қара) сөзі сондай-ақ өзін-өзі құрбан етуші әділдікті білдіреді; ежелгі сот Бао Чжэн(包拯) қара терілі болғанымен, істерді әділ қарап, "темір беттілігі" үшін бағаланған. Пекин операсында "黑" (қара) маскалары әділетті кейіпкерлерді бейнелеу үшін жиі қолданылған, мысалы, Ли Куэй(李逵) және Чжан Фэй(张飞)[2]. Маңызды жағдайларда адамдар әдетте "黑"(қара) костюмдерін киеді, бұл "黑"(қара) сөзіне салтанаттылық және қатаңдық мағынасын береді.

"黑" сөзінің теріс мағынасы

"黑" (қара) – бұл қараңғы түннің түсі. Қараңғы, жабық орындардағы әрекеттер жиі ашық және шынайы болмайды, бұл сөзге құпия және заңсыз мағына береді. Мысалдарға "黑经" (адал емес ойлар немесе құпия қарғыстар), "黑腥事" (жасырын қатыгез істер), "黑名单"(қара тізім), "黑社会"(триада), "黑道"(қара жол), "黑话"(жаргон) және т.б. кіреді[3]. Осы жағдайларда "黑" сөзінің теріс

мағынасы ерекше байқалады, содан кейін "黑" қатыгездік пен реакциялық мағынаны алады, мысалы, "黑色恐怖"(қара қорқыныш), "黑爪"(қара тырнақ), "黑心肠"(қара жүрек) және т.б.

Қазақ тіліндегі "қара" сөзінің негізгі және ауыспалы мағынасы

"Қара" сөзі "қара, қара түс" ретінде аударылады. Қазақ халқының өмірінде "қара" терең және құпия түс болып табылады. Нұрбек басқарған "Қазақ-қытай сөздігі" негізінде "қара" сөзінің келесі мағыналарын бөліп көрсетуге болады[4].

"Қара" сөзінің оң мағынасы

Қазақ тілінде "қара" оң мағыналарға ие, мысалы "кең, ұлы", бұл "қара жүн", "қара тау", "қара дала", "қара су", "қара тұман", "қара жер" сияқты сөздерде көрініс табады. "қара" сондай-ақ "сұлу, жақсы" мағынасында, мысалы "қара көз". Сонымен қатар, "қара" "қасиетті" мағынасын алады, мысалы "қара жол", "қара шанырақ", "қара қазан" (қасиетті ошақ).

"Қара" сөзінің теріс коннотациялары

Қазақ халқының дәстүрлері бойынша, адам өлгеннен кейін жақындары қара киім киіп, аза тұтады, бұл қазақ тілінде "қара кию" деп аталады. Кейінірек "қара" бақытсыздықпен байланыстырыла бастады, мысалы, қазақтардың неке рәсімдерінде қара қой союдан аулақ болуы керек. Сондықтан "қара" жиі жаман, бақытсыз қосымша мағынаға ие болады, мысалы "қара басу" (бақытсыз, сәтсіз) және "қара қағаз" (ажырасу куәлігі)[5]. "қара көңіл" (жаман, жауыз), "қара ниет" (жаман ойлы, жағымсыз), "қара топтар" (банда), "қара жүрек" (қатал), "қара қол" (жаман адам, мафия) сияқты тіркестерде "қара" сондай-ақ жауыздық, жамандық мағынасын береді.

Қытай тілінде "黑" сияқты, "қара" қазақ тілінде заңсыз немесе заңға қайшы нәрсені білдіре алады, мысалы, "қара сауда" (заңсыз сауда), "қара базар" (заңсыз басқарылатын супермаркет), "қара табыс" (заңсыз табыс, "қара" табыс). "қара" сондай-ақ қарапайым немесе негізгі нәрсені білдіруі мүмкін, мысалы, "қара үй" (қарапайым киіз үй), "қара мылтық" (қол жасаған тапанша). Сондай-ақ "қара" кедейлік немесе төмен әлеуметтік мәртебе мағынасын бере алады, мысалы, "қара сүйек" (кедей отбасынан шыққан адам).

"Қара" сөзінің нейтрал мағыналары

Қазақтар әдетте түйелерді, жылқыларды, сиырларды "қара мал" деп атайды, бұл ірі малды білдіреді. "қара" сондай-ақ қарапайым немесе жалпы нәрсені білдіре алады, мысалы "қара

жұмысшы" (қарапайым жұмысшы), "қара халық" (қарапайым халық, қалың бұқара), "қара сөз" (әңгімелесу тілі). "қара" сондай-ақ дәрежені күшейту үшін қолданылуы мүмкін, мысалы "қара түнек" (өте қараңғы), "қара суық" (қатты суық). Өсімдік тағамының атауларында да "қара" бар, мысалы "қара шәй" (әлсіз шай), "қара көже" (етсіз сорпа), "қара астық" (қарапайым тағам).

Қытай тіліндегі "白" және қазақ тіліндегі "ақ" сөздерінің мағынасын талдау

Қытай тілінде "白" сөзі 《说文解字》 де батыс түсі ретінде анықталады[6]. Бұл "白" сөзі батыс аспанының түсін білдіреді. 《中华现代汉语大词典》 де "白" сөзі қар және сүт сияқты түс (қарама-қарсы "黑")[1] ретінде сипатталады.

"白" сөзінің оң коннотациялары

Қытай тілінде "白" бастапқыда қар, қырау, сүт және яшма сияқты заттарды сипаттау үшін қолданылған, олардың тазалығы мен кемелсіздігін атап көрсеткен, мысалы, 無瑕白玉 (кемелсіз ақ яшма) және 陽春白雪 (көктемгі таза қар). Қоғамдық өркениеттің дамуымен "白" адамның таза, асыл және қасиетті моральдық сапаларын білдіре бастады. Сондықтан, "白" "тазалық, кінәсіздік" мағынасын алды. Мысалы, белгілі сөйлем 粉身碎骨浑不怕, 要留清白在人间 ("Денемді қиып, сүйектерімді сындырсам да қорықпаймын, тек адамдар арасында таза қалғым келеді"). "白" сондай-ақ күндізгі жарық түсін білдіреді, содан жарық және жарқын мағыналар пайда болады, мысалы, 白昼 (күндіз) немесе 东方发白 (шығыс ағарып келеді), сондай-ақ белгілі сөз 雄鸡一声天下白 ("Тауық қана дауыстаса, бүкіл әлем жарқырайды"). Сонымен қатар, "白" "шындық" мағынасын алады, мысалы, фразеда 变白以为黑兮, 倒上以为下 (ақты қараға, жоғарыны төменге ауыстыру), мұнда "白" садық министрді сипаттайды. Идиомаларда, мысалы, 黑白分明 ("қара мен ақ айқын бөлінген") және 混淆黑白 ("қара мен ақты шатастыру"), "白" сөзі "ашықтық және шынайылық" мағынасын қолданылады. Уақыт өте келе және заманауи атмосферамен біріктіре отырып, жаңа сөздер пайда болды, мысалы, 白色收入 (ашық кіріс), 白道 (ашық жол), 白市 (ашық нарық), мұнда "白" "ашық, мөлдір, заңды" мағынасын білдіреді[2][3].

"白" сөзінің негативті коннотациялары

Ақ түс сонымен қатар бас тарту, ақымақтық, әлсіздік символы ретінде де қарастырылады, мысалы, ақыл-ойы кем адамды

– "白痴", "白衣", "白丁" деп атаған. Емделуден айырылу немесе емнің әсері болмауы "白忙" – "ақ іспен айналысу" деп аталады, сондай-ақ кедейлікпен байланысты "白屋", "白衣举人". Сондықтан ақ түстің символикалық мағынасы жеңіліс белгісі ретінде пайда болады: соғыста жеңілген тарап "白旗" – капитуляцияның ақ туын көтереді.

Екінші себеп, неге "ақ" (白色) сөзінің Қытай тілінде негативті мағынасы басым – бұл Қытайдағы жібек өнеркәсібінің дамуымен байланысты. Ақ, боялмаған жібек әлдеқайда төмен құнына ие, бұл "没有颜色的" – мән-мағынасыз, "空的" – бос, анық мағынасы жоқ деген мағыналардың пайда болуын түсіндіреді. Мысалы, "白白" – "босқа, текке", "白费" – "босқа", "平白无故" – ешқандай себепсіз, "空口说白话 – 耳饱肚子饥" – сөзбен тоқ болмайсың, тік аударма "бос ауызбен ақ сөздер айту – құлақ тойған, іш аш", "白手起家" – "ештеңесіз жерден бастап, нөлден бастау" деген мағынаны білдіреді.

"白" сөзінің нейтраль мағыналары

Қытай тілінде "白" сөзі "浮一大白" (үлкен ақ бокал, ішімдік жазасы ретінде қолданылатын) тіркесінде жаза ретінде пайдаланылатын бокалды сипаттау үшін қолданылады. Театр немесе опера сияқты сахналық өнерде ән айтпайтын сөздер монолог ретінде аталады; "白" сондай-ақ айқындықты білдіреді, мысалы, 真相大白 (шындық айқын), 不明不白 (айқын емес, түсініксіз), 一清二白 (толық айқын)[3].

Қазақ тіліндегі "ақ" сөзінің негізгі және көшірме мағынасы

"Ақ" қазақ тіліндегі жиі қолданылатын түстік термин болып табылады, ал "ақ түс" қазақ халқы арасында ең құрметті түстердің бірі болып саналады, сондықтан қазақтар "ақ" сөзін тек түстік термин ретінде ғана емес, сонымен қатар оң коннотацияларда қолданады.

"Ақ" сөзінің оң мағыналары

"Ақ" қазақтар арасында ең таза түс ретінде қарастырылады, бұл ақ қардай (таза, аппақ) сөзінде көрініс табады. "Таза" мағынадан "кінәсіз" мағынаға ауысады, мысалы, "оның ақ екендігіне күмән жоқ". Қазақ тілінде "ақ" сондай-ақ адал жолмен алынған нәрсені білдіреді, мысалы: ақ мал (адал жолмен алынған мал); сондай-ақ "жақсы" мағынасын білдіреді, мысалы: ақ көңіл (жақсы, мейірімді); және ақ жүрек (адал, шынайы), ақ жарқын (жақсы, ашық), ақ ниет (шынайы) сияқты сөздерде қолданылады. Қазақтар ақ түсті бақыт

пен сұлулықтың белгісі ретінде қарастырады, сондықтан "ақ" сондай-ақ жақсы тілектер мен шынайы алғыстарды білдіру үшін қолданылады, мысалы, ақ бата және ақ тілек (алғыс сөздер), сондай-ақ ақ жол болсын (сапарыңыз сәтті болсын). "Ақ" сонымен қатар ақ сүйек (асыл) ретінде қолданылады. "Ақ" "қасиеттіліктің символы": "ананың ақ сүті", ақ жауып арулау (бата беру); "сұлулық символы": ақ маңдай (ақ бетті, жарқын бетті), ақ дидар (ақ бетті, жарқын бетті); "рулықтың, хандыққа, аристократиялық" руға жататындығының символы: ақ сүйек (аристократ), ақ орда (ханның ордасы), ақ үй (басшының үйі), ақ кигізге көтерді (басшы етіп сайлады); "құрмет, мойындау" символы: ақ сақалды, ақ жаулық (ана), ақ бас (ақылды бас).

"Ақ" сөзінің теріс мағыналары

Басқа тілдердің ықпалымен "ақ" сондай-ақ реакциялық мағынаны алды, мысалы: ақ армия (ақ армия), ақ район (ақ аймақ); және ақ алақан (жалқау, еңбектенбей табыс табу) сияқты сөздерді құрайды.

"Ақ" сөзінің нейтраль мағыналары

"Ақ жер" егістік немесе ағаштар мен үйлерсіз жерді білдіреді; қазақ тілінде "ақ" сондай-ақ сөздермен және қимыл есімдермен бірге қолданылып, шектеу және күшейту мағынасын білдіру үшін қолданылады, мысалы, "сен-ақ" (дәл сен), "дұрыс-ақ" (дәл солай). Қазақ тілінде "ақ" сондай-ақ сүт, ірімшік, тамақ атауында қолданылады, мысалы, ақ шай (сүт шай), ақ ірімшік (ірімшік), ақ астық (дәнді дақылдар), сондай-ақ арақтың атауы ақ арақ.

Қытай және қазақ тілдеріндегі "黑、白" және "қара, ақ" сөздерінің мағыналарын салыстыру

Қытай және қазақ тілдерінде "黑" және "қара" – "қараңғы, заңсыз, зұлымдық" мағыналарын білдіреді. "白" және "ақ" екі тілде де "тазалық, кінәсіздік, адалдық" мағыналарымен ассоциацияланады.

Бір жағынан, қазақ тіліндегі "қара" мағынасы қытай тіліндегі "黑" сөзіне қарағанда кеңірек. Қазақ тілінде "қара" "көлеңке, үлкен, кең, әдемі, ескірген, қарапайым" сияқты мағыналарды білдіреді және басқа сөздермен біріктірілгенде мәнді күшейту үшін қолданылады, ал қытай тіліндегі "黑" бұл мағыналарды білдірмейді. Екінші жағынан, қазақ халқы "ақ" сөзін

ерекше бағалайды, қазақ тілінде "ақ" сүт өнімдерін белгілеу үшін және "мейірімділік, адалдық" мағыналарын қамтитын болады.

Қытай және қазақ тілдеріндегі түс сөздерінің мағыналарының дамуына әсер ететін факторлар

Тіл қоғамның өнімі болып табылады, адамдар алғаш рет элеуметтік тәжірибеде түспен кездеседі, содан кейін адамзат өркениетінің дамуымен түстерді білдіретін сөздер пайда болады. Дегенмен, өндірістік орта және басқа да факторлардың ықпалынан адамдардың әлемдік көзқарасы, мәдени көзқарасы және құндылықтары әртүрлі болып, олардың түске деген қабылдауы да әртүрлі болады. Төменде күнделікті өндірістік өмірде түс сөздерінің мағыналарының дамуына әсер ететін факторлар қарастырылады.

Ежелгі символикалық мағынасы қара сөзінің Қытай философиясында бейнеленген. Бес элемент оқытуында – 木 Ағаш, 火 От, 土 Жер, 金 Металл, 水 Су – қара су элементіне сәйкес келеді және солтүстікті білдіреді және бірдеңе құпия, құпиялы деп білдіреді. Ұзақ уақыт бойы ол ең құпия деп саналды, бұл, мүмкін, Қытай мәдениетінде оның бағалауының қарама-қайшылығын анықтады: бір жағынан, ол ұлылық пен асылдықты білдіреді, екінші жағынан – қайғы-қасірет пен жалғыздықты. Дегенмен, ежелгі қытай мәдениетінде, қара түс өкілеттіктің, ұлылықтың және патшалық шығу тегінің символы ретінде маңызды орын алады. Чжоу династиясында император қысқы құрбандық кезінде қара киім киіп, қара нефрит тағынды. Цинь династиясының негізін қалаушы, бес элементтің басты рөлін су ойнайды деп есептегендіктен, осы династияның барлық мүшелері қара киім киюі керек деп санады. Хань династиясының патшалық сарайында шенеуніктердің киімі де тек қана қара болуы тиіс еді. Алайда, осы кезеңде қара түс белгілі бір контекстте теріс символикалық мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы, Цинь династиясының тарихында 黜 – ан деп аталатын жаза болды, онда тұтқынның бетіне қара бояумен тату жасалды. "Қара" түсінің теріс мағынасы Қытайдағы дәстүрлі дінде – Буддизмде де кездеседі, ол Қытай мәдениетіне, әсіресе Тан династиясы кезінде үлкен ықпал еткен. Осы династия кезінде буддизм ресми мемлекеттік дін болып табылатын, ол қара түсті зұлымдық пен бұзылу символы ретінде анықтаған. Кедей, кембағал және дамымаған адамдарды "қара" деп атаған, ал олардың кармасы таза, қоғамға зұлымдық пен сатқындық әкелмеген адамдар шын

мәнінде "ақ" деп саналған. Ал, қазақ дүниетанымында көп жағдайда "қара" сөзі өліммен, азаппен байланысты. Курбанали Халидтің «Тауарих хамса» кітабында былай деп жазылған: «Қазақтар марқұмды жерлегеннен кейін қараны орнатады. “Қара” дегеніміз – ұзын найзаның соңына белгі байлау, егер марқұм жас болса – қызыл, ересек болса – ақ, орта жастағы – бір жағынан қара, екінші жағынан – қызыл немесе ақ матадан тігілген. Қазақтар хандарды жерлегенде, олардың өмірі кезінде болған туларының түсімен бірдей туды орнатады, хандар жасы кіші не үлкен болсын бірдей, қандай түс болмасын туды “қара” деп атайды. Қара түн – ту белгісі» [7]. Мысалы, «Махамбет Ансарларға қашып, Құрайышты Хут тауларында тұтқында ұстады. Тастардан екі адам қаза тапты, Хамза қараны орнатқан кезде қаза тапты» (Қ. Абдықадыров). «Марқұмды жерлегеннен кейін ол өз қолымен марқұмның ақ үйінің оң жағына қара туды орнатты» (М. Әуезов). Қазақтар қара түсті жермен, байлықпен байланыстырады, бұл адамға табиғи түрде тән түс. Қара түс философиялық санат ретінде тұрақтылық пен статикаға нұсқайды. Мүмкін, сондықтан «қара жер», «қара бала», «қара сөз» сияқты терең мағыналы ұғымдар пайда болған.

Қытай мәдениетінің тарихында ежелден “ақ” түске деген қорқыныш пен бөлекше құрметсіздік сақталған. Бұл екі негізгі себеппен түсіндіріледі деп ойлаймын. Біріншісі, Қытай әлемтанымының ықпалымен анықталады, оның негізінде бес элементтің оқуы жатыр, мұнда ақ түс 金 (металл) элементін бейнелейді және батысқа немесе күн батуына сәйкес келеді. Күн батқанда құстар ұя салады, қараңғылық болады, бұл қорқыныш пен алаңдаушылық туғызады және сондықтан батыс (күн батуы) құпиялылық, алаңдаушылық және өліммен байланыстырылады.

Сонымен қатар, “ақ” түсін күзбененде келтірген “Ежелден күз меланхолиямен байланыстырылады”, күз мезгілінде көптеген өсімдіктер өледі, ал ежелгі қылмыскерлер "күзден кейін" өлтіріледі; батыс күн бату орны болып табылады, күннің соңын білдіреді. Сәйкесінше, "白" хань халқы арасында сүйіспеншілікке ие емес. Ежелден бері, егер отбасында біреу қайтыс болса, марқұмның туыстары "ақ" жерлеу рәсімін өткізеді, бұл уақыт өте келе хань халқының "白" сөзіне деген қорқынышы мен жиіркенішін тудырды[3]. Сонымен қатар, көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар жылының жартысын қарлы суықта өткізеді; көктемде еру сулар шөпті далаларды суаратын, өйткені, қазақтар мал шаруашылығына тәуелді болған; ақ сүт өнімдері олардың

негізгі және ең маңызды тағамы болып табылады. Мұндай басым ақ түсті орта олардың ақ түске деген махаббаты мен құрметін тудырады[8]. Қазақтар ешқашан ақты зая кетірмейді немесе қайда болмасын құймайды. Қазақтар ақтың алдында өтірік айта алмайды. Әсіресе, ақ сүт, ақ айран, ақ ұн, ақ қант сияқты заттардың алдында. Ақ қазақ халқы үшін құнды, өйткені ол қасиеттілікті бейнелейді.

Қазақтардың ата-бабалары шаманизм мен манихеизмді ұстанған, бұл олардың түс қабылдауына терең ықпал етті. Сол кездерде ақ түс жақсылықты білдірді деп саналды, ал қара түс жамандықты білдірді. Осылайша, шамандар ақ шамандар мен қара шамандарға бөлінді, ақ шамандар адамдарға бақыт әкелсе, қара шамандар адамдарға бақытсыздық әкелді[9].

Қорытынды

Ұлттың түс лексикасы мен түс қабылдауы осы халықтың мәдени ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік беретін маңызды аспектілер болып табылады. Әртүрлі тілдердегі түс сөздерінің мағыналарын зерттеу арқылы әртүрлі халықтардың мәдени ерекшеліктері, құндылықтары мен дәстүрлері туралы білуге болады, бұл қытай өркениетінің жүйесін одан әрі қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 刘家丰, 中国语言文字系列辞书编委会, 《中华现代汉语词典》编委会. 中华现代汉语词典. 中国大百科全书出版社, 2007: 357-363.
2. 叶军. 关于建设现代汉语颜色词属性库的构想[J]. 语言文字应用, 2000 : 44-48.
3. 曹红琴. 哈萨克语和汉语颜色词的对比[J]. 伊犁师范学院学报, 2005 : 10-11.
4. Нұрбек Абықен. Қазақ-қытай сөздігі [М]. Бейжің: Ұлттық баспа, 1989.
5. Тоқтар Уәли. Қазақ тіліндегі "қара" сөзінің мағынасы туралы қысқаша пікір [J]. Тіл және аударма, 2004 (1): 45-46.
6. 许慎, 说文解字. 浙江古籍出版社, 2016: 166-170.
7. Курбангали, Х. Тауарих хамса / Х. Курбангали. Алматы, 1999. 288 с.
8. 赵琰. 哈萨克语颜色词的文化含义[J]. 伊犁师范学院学报 (社会科学版) , 2007 : 23-25.
9. 孟毅. 哈萨克民族多元文化研究[M]. 北京 : 中央民族大学出版社, 2008 : 183-205.

СОВРЕМЕННЫЙ КОРЕЙСКИЙ КАЗАХСТАН

Мен Д.В.
КазНУ им. аль-Фараби
Алматы, Казахстан

Аннотация: В своей работе автор рассматривает состояние корейцев в Казахстане начиная с 1937 г. до современности. В ней утверждается, что Республика Казахстан – это полиэтничное государство, в котором проживают более 140 нации и этносов, одним из которых являются корейцы. Уже более 86 лет они проживают на земле казахов, за это время полностью ассимилировались к местным условиям проживания, которая стала для них Родиной. Не зная местного языка, обычаев и законов, они сумели своим свойственным трудолюбием стать полноценными гражданами страны. В настоящее время этот этнос занимает лидирующее положение по высшему образованию, нет такой отрасли, где не задействованы корейцы. Они заседают в парламенте, правительстве, руководят промышленными и научными производствами, успешны в спорте, бизнесе и др. Сегодня вместе со всеми народами успешно строят Новый Казахстан.

Ключевые слова: Казахстан, корейцы, достижения корейцев, язык корейский, культура, Новый Казахстан

Abstract: The author examines the tragedy and the rise of the Koreans in Kazakhstan, from the events that took place from 1937 to the present time. The study claims that the Republic of Kazakhstan is a multi-ethnic state in which more than 140 nations and ethnic groups live, one of which is the Koreans. For more than 86 years they have been living in the ancient land of the Kazakhs, during this time they have completely assimilated to the local living conditions, and it has become their homeland. The author reveals the harsh and cruel fate of the first forcibly repatriates, who, against their will, ended up in a foreign and unfamiliar country. Without knowing the local language, customs and laws, they managed to gain the confidence of the authorities with their characteristic diligence. Currently, this ethnic group occupies a leading position in higher education, there is no such field where Koreans are not involved. They sit in parliament, government, manage industrial and scientific production, they are successful in sports, business, and other industries. Today, together with everyone else, they are building New Kazakhstan. We can say that the Renaissance of the Koreans took place.

Keywords: Kazakhstan, Koreans, achievements of Koreans, Korean language, tragedy and triumph

Аңдатпа: Автор өз еңбегінде 1937 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі Қазақстандағы корейлердің бүгінгі жағдайын қарастырады. Онда көпұлтты мемлекет тұратын Қазақстан Республикасының 140-дан астам ұлттар мен ұлыстардың бірі корейлер екені айтылған. Олар 86 жылдан астам қазақ жерінде тұрып, осы уақыт ішінде өздерінің атамекеніне айналған жергілікті тұрмыс жағдайына толықтай сіңісіп кетті. Олар жергілікті тілді, әдет-ғұрып, заңды білмей, өздерінің қажырлы еңбектері арқылы елдің толыққанды азаматы болып қалыптасты. Қазіргі уақытта бұл этнос жоғары білім бойынша жетекші орынға ие, корейлер барлық салаларда белсенділігін танытып отыр. Олар парламентте, үкіметте, өнеркәсіптік және ғылыми өндірістерді басқарады, сонымен қатар спорт, бизнес және т.б. салаларда жетістікке жетуде. Бүгінде біз халықпен бірге Жаңа Қазақстанды сәтті құрып жатырмыз.

Түйінді сөздер: Қазақстан, корейлер, корей ұлтының жетістіктері, корей тілі, мәдениет, Жаңа Қазақстан

Введение

На территории современного Казахстана проживают представители более 140 этносов. В стране представлены в совокупности все этносы Евразийского континента. Полиэтничность казахстанского общества является исторической объективной реальностью Казахстана и конкурентным преимуществом в современных условиях. Многообразие социального пространства и культурная особенность позволяют развивать и дополнять мозаику человеческих отношений и обогащать палитру пространства социума. Межэтнические отношения в республике построены на принципах толерантности, доверия, уважения и взаимообогащения. Исторические традиции и ценности человеческих отношений, жизненного пространства, взаимовлияние на обширной территории Казахстана сохранить уважительное и доверительное взаимопонимание между различными этническими группами [1, с.11].

Главные конституционные принципы государственной национальной политики в Республике Казахстан – это учет особенностей и основных тенденций развития в сфере межнациональных отношений. Это равенство прав человека и гражданина, независимо от его расы, национальности, языка, отношения к религии, принадлежности к социальным группам и общественным объединениям. Также гарантия прав всех этносов, проживающих на территории Казахстана в соответствии с Конституцией общепризнанными принципами и нормами

международного права и международными договорами. Защита прав и интересов граждан Республики Казахстан за ее пределами, поддержка соотечественников, проживающих за рубежом, в сохранении и развитии родного языка, культуры и национальных традиций, в укреплении их связей с исторической родиной в соответствии с нормами международного права [2, с.31].

Скажу откровенно, название статьи звучит необычно, но так как корейцы в Казахстане проживают уже 86 лет, можно с уверенностью сказать, что республика для нас также стала родным корейским. За это время мы полностью укоренились и адаптировались в местных условиях и считаем Казахстан Родиной настоящей. Если взглянуть на всю историю проживания корейцев в стране, то можно заметить здесь и трагедию, и триумф этого этноса. Мы пережили за этот исторический период все, что досталось всем народам Казахстана.

Корейцы в Казахстане проживают уже много лет, не по своей воле они оказались на земле казахов, которая в настоящее время стала Родиной. Если взглянуть на историю корейцев можно узнать, что этому предшествовало Постановление № 1428 – 326 сс Совета Народных комиссаров СССР и ЦК ВКП(б) от 21 августа 1937 г. «О выселении корейского населения из пограничных районов Дальневосточного края, где говорится «В целях пресечения проникновения японского шпионажа в Дальневосточной край» переселить корейцев в республиках Узбекистан и Казахстан. Выселению приступить немедленно и закончить к 1 января 1938 г. За подписью И.Сталина и В. Молотова [3.с. 64].

С этой «исторической» даты начинается новейшая история коре сарам в Казахстане. Для истории это миг, а для человеческой жизни целая эпоха. Это «историчекое творение» тоталитарного режима на много десятилетие предопределило трагическую судьбу корейцев, деградацию культуры и языка, а также демографические потери и прочие национальные беды.

Сами жившие небогато, а то в откровенной нужде, казахи делились с новыми соседями последним – одеждой и пропитанием, кровом и теплом своих очагов. Даже ласковое слово и добрый житейский совет помогали людям не надломиться, выстоять, почувствовать почву под ослабшими ногами. Наверное, так и зарождалась взаимная привязанность, которая впоследствии переросла в крепкую дружбу.

На добро отвечают добром. Объединившись в коллективные хозяйства, производственные кооперативы и промысловые артели, переселенцы сделали очень многое для развития экономического потенциала принявшей их республики. Имена многих корейцев – мастеров высоких урожаев, авторов других производственных достижений хорошо известны не только в нашей стране, но и далеко за ее пределами. За героический труд 68 корейцам было присвоено высокое звание Герой Социалистического Труда, многие награждены орденами и медалями. Сегодня корейцы в Казахстане живут и трудятся вместе с другими многие десятилетия, на всех этапах становления и развития республики их судьбы и чаяния неразрывно связаны со всеми, проживающими на ее территории.

Корейцы в независимом Казахстане

